Әлемдік миграциялық жағдайлар еліміздегі көші-қон процестеріне әсер етіп отыр. Көші-қон – қазақстандық кеңістікте тосын құбылыс емес. Ел тарихындағы демографиялық, әлеуметтік-экономикалық, мәдени өзгерістерге көші-қон үрдісі тікелей ықпал етті. Ішкі көші-қон республика аумағындағы ірі қалалардың пайда болуына әсер етті. Бүгінгі уақытта халықтың көші-қон үрдістері Қазақстан қоғамы үшін өзекті.

Қазіргі Қазақстан қоғамында ішкі көші-қон үрдісінің етек алуы аймақаралық әлеуметтік, демографиялық, экономикалық теңсіздіктерге байланысты. Елімізде ішкі көші-қон үрдісі біріншіден, мелекеттік билік құрылымдары тарапынан ұйымдастырылған түрде іске асырылып жатса, екіншіден, стихиялық түрде, негізінен әлеуметтік-экономикалық жағдайы төмен аймақтардан республикалық маңызы бар ірі қалаларға жұмыс іздеу мақсатымен жүруде. Ауыл жастарының қалаларға көшіп-қонуы өзекті болып отыр, өйткені қалаға қоныс аударған ауыл жастары Қазақстанның ірі қалаларының әлеуметтік-мәдени және этномәдени бейнесін трансформациялайды.

Ресми статистикалық ақпарат көзі соңғы онжылдықта елімізден 300 мыңнан аса адамның көшіп кеткенін көрсетеді. Елден көшіп кетушілердің басым бөлігі жастар, яғни еліміздің әлеуметтік-демографиялық қабаты және жастардың инновацияға бейім екенін ескерсек, онда еліміздің экономикалық-креативті әлеуеті деп те айта аламыз. Әлеуметтанулық зерттеулер нәтижесі жастар миграцияны өмір сүру мүмкіндіктерін арттырудың бірден-бір жолы ретінде қарастыратынын көрсетіп отыр.

Әлеуметтанушылар көші-қон процесін күрделі әлеуметтік процесс және құбылыс ретінде макро- және микродеңгейде, мигрантты жіберуші аймақ пен қабылдаушы аймақтардағы көші-қонға әсер етуші факторларды және осы факторлар арасындағы себеп-салдарлық байланысты, сондай-ақ көшіп-қонушының мінез-құлқын, әлеуметтік шығу тегін, әлеуметтік мәртебесін, әлеуметтік жағдайын, өмір сүру деңгейі мен өмір сүру сапасын қарастырады (Юдина, 2006: 221). Қазіргі заманғы халықтың көшіп-қону үрдісін зерттеушілер әлеуметтану ғылымының классиктерінің еңбектеріндегі әлеуметтанулық таным заңдылықтарын түсіндіру әдістемелеріне сүйенеді. Бұл заңды да, өйткені көші-қон әлеуметтік процесс ретінде қоғамдық ғылымдардың ішінде алдымен әлеуметтану ғылымының назарына ілікті.

Негізгі бөлім

Қазіргі әлеуметтану ғылымында көші-қон құбылысын түсіндіру және талдауға теориялық тұрғыда негіз болатын, бірін-бірі толықтыратын макро- және микродеңгейлі бірқатар ғылыми парадигмалар бар. Солардың біріншісі, қоғамдық жүйені басты орынға қоятын құрылымдық-функционалдылық теориясы. Құрылымдық-функционалдылық парадигмасы көші-қонды макродеңгейде қарастырып, көші-қонның себебі қоғамдағы жүйелердің, соның ішінде экономикалық жүйенің жағдайына байланысты деп түсіндіреді. Бүгінде әлеуметтік құбылыстар мен процестерді зерттеушілер тарапынан құрылымдық-функционализмге қызығушылық артқан. Бұның себебі, бәлкім, қазіргі жаһандану заманының салдарын түсіндіру барысында туындаса керек. Құрылымдық-функционалдылық парадигмасының мазмұны бойынша – адамның мінез-құлқының қалыптасуына және оның белгілі-бір жағдайларға қатысты белгілі-бір ортада жасаған іс-әрекетіне оның қоршаған ортасы әсер етеді. Осыған байланысты адамнан күтілетін әрекет пен оның жасаған іс-әрекеті үнемі сәйкес келіп отырады. Әлеуметтену барысында бір ұрпақтан екінші ұрпаққа қоғамдық құндылықтар беріледі және бұл қызметті отбасы атқарады. Отбасы арқылы адамның бойында сүйіспеншілік (отанға, жақынына), сәйкестілік (ұлттық) сезімдері қалыптасады. Міне, осы жерде әлеуметтану ғылымының универсалды жәдігері болып табылатын құрылымдық-функционалды парадигманың, Э. Гидденстің қазіргі заманның «сұрапыл күшіне» (Guggernaut) балаған

жаһандануға қарсы қойылатын теңдессіз теория бола алады. Парадигма өкілдерінің пайымдауы бойынша (мысалы, Р. Мергтонның айтуы бойынша) адамның қоршаған ортаға, қоғамға интеграциясы жанжалсыз жүруі керек. Құрылымдық-функционалдылық теориясы көші-қонның себебін қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық жағдайлармен, қайсыбір қоғамда қалыптасқан дәстүр мен мәдениет тұрғысынан түсіндіреді.

Құрылымдық теория өкілдері көші-қонға әсер ететін факторларды төмендегіше топтастырады:

Экономикалық (жалақының аздығы, жұмыссыздық);

Әлеуметтік (баспана, мектеп, денсаулық сақтау мекемелері, дүкендер);

Демографиялық (жасы, жынысы, отбасылық жағдайы);

Саяси (ел ішіндегі саяси жағдайларға байланысты);

Діни ахуал.

Әйтсе де құрылымдық теория өкілдері көші-қонның негізгі мотивтері мен нәтижесін әлеуметтік-экономикалық факторлармен байланыстырады (Забирова, 2003: 131).

Миграция ғылымындағы құрылымдық-функционалдылық парадигмасы тұрғысынан түсіндіруге болатын алғашқы еңбектің бірі Э. Равенштайнның «Миграция заңдылықтары» атты мақаласы. Э. Равенштайн көші-қонның заңдылықтарын әлеуметтік-территориялық мобильділік тұрғысынан сипаттайды, көші-қонды мемлекеттегі экономикалық және саяси жүйелердің әлсіздігінен келіп туындайтын жағдай деп түсіндіреді. Э. Равенштайн зерттеулерін Ұлыбританиядағы халық санағы мәліметтеріне сүйене отырып жүргізген. Автор зерттеудің міндеттері ретінде индустриализация мен урбанизация дәуірі алдында тұрған ағылшын қоғамындағы миграциялық трендтерді, миграция ауқымын, және оған әсер ететін жағдайларды қарастырды. Сондай-ақ, Равенштайн миграцияға этностық сипат беріп, көшіп-қонушыларды жіктейді. Автор эмпирикалық бақылауларының нәтижесінде көші-қонның негізгі заңдылықтарын көрсетеді және бұл заңдылықтар миграциология ғылымының дамуына теориялық негіз болды:

Көшіп қонушылардың көбісі, әдетте, жақын қашықтыққа қоныс аударуға бейім.

Көші-қон бірнеше кезеңнен өтеді, сәтті көші-қон абсорбциямен (жұтылу) мәресіне жетеді.

Шалғай жатқан елді-мекендерден қоныс аударушыларды қалалардағы өнеркәсіптер мен ірі сауда орындары тартады.

Орнын басу: қала маңына таяу тұратын

халық сол қалаға қоныс аударғанда, олардың орнын шалғай елді-мекендерден келген қоныс аударушылар басады.

Ауыл халқы көшіп қонуға бейім.

Ауыл халқы қалаларға қарай қоныс аударуға бейім.

Көші-қонның негізгі себептері – экономикалық жайсыздық, нашар экология, тұрмыстың ауырлығы. Аймақтардағы әлеуметтік-экономикалық жағдайлар әртүрлі болып келеді. Қаладағы ыңғайлы тұрмыс ауыл халқын қалаға қарай тартады.

Қала халқы көші-қонның есебінен артады, көші-қонның көлемі қалалардағы индустриализация мен сауда орындарының көбеюіне тура пропорционал.

Қоныс аударушылар, әдетте, ересек, жалғыз-лікті жас адам, отбасылар сирек көшеді, ішкі миграцияда әйелдердің саны көп болса, ерлер сыртқы миграцияға бейім (Адедиран, 2015: 30-32).

Э. Равенштайнның ішкі көші-қонға қатысты постулаттары бүгінгі күнде дамыған мемлекеттерге қатысты ескірген теория болып саналуы мүмкін, алайда дамушы мемлекеттер үшін өзектілігін жоймаған. Қазіргі Қазақстандағы ішкі көші-қонның жағдайы өзге дамушы елдердегідей, ішкі көші-қон негізінен ауылдан қалаларға бағыттталып, елдегі урбандалу процесін жеделдетуде. Ресми статистикалық мәліметтер бойынша Қазақстанда қала халқы – 57%, ауыл халқы – 47%. Ауыл халқының қалаларға қоныс аударуының басты себебі ауылдардағы әлеуметтік-экономикалық жағдайдың төмендігі, ауылдық жерлерде жұмыс орындарының аздығы, ауылдық жерлердегі шектеулі инфрақұрылым, ірі қалалардың шалғай орналасуы.

Халықтың көші-қонын әлеуметтанулық тұрғыдан түсіндіретін теориялардың негізгісі американдық әлеуметтанушы Э. Лидің «Көші-қон теориясы» («A theory of migration»). Зерттеулердің нәтижесінде Э. Ли халықтың бір жерден екінші жерге көшіп қонуына итермелейтін факторларды анықтайды:

– тұрғындарды мекенінен (ауылдан) ығыстырушы факторлар (Push Factors): кедейлік, жұмыссыздық, кіріс деңгейінің аздығы, тұрмыстың ауырлығы, т.б.

– тұрғындарды екінші жерге (қалаға) тартатын факторлар (Pull Factors): кіріс мүмкіндіктерінің көбеюі, инфрақұрылым, ыңғайлы әрі жеңіл тұрмыс, т.б.

– көші-қонға кедергі келтіретін аралық факторлар (Intervening obstacles): елді-мекендердің шалғай орналасуы көшіп-қону үшін біраз

шығын келтіреді, көшіп баратын жердегі тұрғын үй бағасының қымбат болуы, туған жерге деген қимастық сезімдер, қалып бара жатқан жақын адамдар, т.б.

– жеке факторлар (Personal Factors) немесе адамның тұлғалық қасиеттері – көшіп баратын жердегі артықшылықтар мен қазіргі тұратын жердегі қиындықтарды салыстырып, рационалды ойлаудың нәтижесінде шешімге келу (Lee, 1966: 50).

Көші-қон әлеуметтануының дамуына үлес қосқан Э. Лидің «ығыстырушы-тартылыс факторлары» деген атпен белгілі теориясы көші-қонның себептерін әлеуметтанудағы құрылымдық-функционалдылық парадигмасы тұрғысынан түсіндіреді және Равенштайнның ауылдан қалаға көшіп қону постулаттары мен С. Стоффердің «ұстап қалушы» факторлары (Theory of intervening opportunities) тұжырымдарын толықтырады. Бұл теория бүгінгі күндегі өзектілігі, қазіргі қала халқының ауылдан көшіп келген ауыл жастарының есебінен ұлғаюымен анықталады. Бұл жағдай Э.Лидің көші-қонның «сұрыптық сипатта іске асады» деген тұжырымына дәлел. Э. Лидің теориясында көші-қонның негізгі себебі – әлеуметтік-экономикалық жағдайдың ауырлығы.

Құрылымдық теориялар аймақтар арасындағы көші-қон процесін түсіндіру барысында экономикалық және еңбек факторларының маңыздылығын алдыңғы қатарға қояды: көші-қонның басты себебі – аймақтар арасындағы кіріс теңсіздігі (Забирова, 2003: 132).

XX ғасырдың екінші жартысында экономика ғылымы көші-қонның әлеуметтік-экономикалық себеп-салдарлық байланысын жан-жақты зерттей бастады. Бұл теориялардың барлығы көші-қонға әсер ететін ығыстырушы-тартылыс факторларын анықтау арқылы құрылған. Осындай құрылымдық теорияның бірі – Артур Льюистің көші-қонның себептерін түсіндіретін классикалық макроэкономикалық теориясы. Жиырмамыншы ғасырдағы мемлекеттердің дамуы, экономикалардың интернационалдануы, үшінші әлем мемлекеттерінің деколонизациясы, әлемдік миграция үрдісінің жылдамдауы А. Льюистің құрылымдық неоклассикалық теориясының туындауына алғышарт болды. Льюис үлгісі экономикасы екі секторға – өнеркәсіп және ауылшаруашылық салаларына негізделген мемлекеттерге арналған, бұндай мемлекеттерде әдетте ауылшаруашылық саласында жұмыс қолы тым көп, ал өнер-

кәсіпте жеткіліксіз болып келеді. Сондықтан көші-қон ауылдан қалаға қарай, немесе табиғи ресурстары өте аз немесе жоқ, өнеркәсіп орындары өте аз, экономикасы ауылшаруашылық саласына қарап отырған мемлекеттерден дамыған мемлекеттерге бағытталады, яғни көші-қон теңсіздік пен кедейлікті жоюдың амалы (Wickramasinghe, Wimalaratane, 2016: 21). Льюис үлгісі бойынша экономикасы ауылшаруашылық саласы мен өнеркәсіпке салаларына құрылған мемлекеттерде екі сала жұмысшыларының жалақысының арасындағы айырмашылық шамамен 30 пайыз, осы жағдай тұрғындарды көші-қонға итермелейді. Рационалды ойлайтын адамдар өзіне максималды тиімді болатын жолды қарастырады. Бұл тұжырымды көші-қонның келесі үлгісі арқылы түсіндіреміз.

Осындай теорияның бірі – көші-қонның себебі аймақтардағы еңбек пен капиталдың теңсіз бөлінуі деп түсіндіретін М. Тодароның ұсынған үлгісі (Ивахнюк, 2015: 41). М. Тодароның неоклассикалық теориясын құрылымдық парадигмаға жатқызамыз, өйткені бұл үлгінің мазмұны миграцияның себебі мемлекеттің экономикалық жүйесінің дамуымен тығыз байланысты деп көрсетеді. Қалалардағы жұмыссыздық деңгейінің жоғары болуына қарамастан, ауылдан қалаға қоныс аудару – рационалды іс-әрекет болып табылады. Жұмысшылар қалаға көшіп барғанда алатын жалақысы мен ауылда тауып отырған табысының деңгейін салыстырып, егер қалада жүріп табатын табысы ауылда табатын табысынан жоғары болса ғана көшуге дайын. Осылай ойлауға негізделіп жасалынған әрекетті неоклассиктер рационалды әрекет деп түсіндіреді. Тодароның айтуы бойынша қала экономикасын көтеруге бағытталған кез келген іс-шара қаладағы халық санының артуына, жұмыссыздықтың ұлғаюына себеп болады, өйткені қаладағы өмір сүру деңгейін жақсарту ауылдық жерлерден жұмыс күшін тартады. Жұмыс орындарының аздығына қарамастан жоғары білімді адамдардың саны көбейе түседі де, жоғары білімділер жұмыссыздардың қатарын толықтыра түседі. Бұл жағдайда көші-қонға «тартылыс» факторларына қарағанда ауылдағы «ығыстырушы» факторлар әсер етеді (Todaro, 1969: 140). Сонымен, Тодаро үлгісі бойынша көші-қонға әсер ететін факторлар:

- рационалды ойлау (шығындар мен түсіретін табысты салыстыру);
- ауылдық жерлердегі «ығыстырушы» факторлар;
- ауыл мен қаладағы күтілетін табыс ара-

сындағы айырмашылық көші-қонды ұлғайтып, қаладағы қосымша жұмыс күштерін көбейтеді де, жұмыссыздықтың өсуіне алып келеді.

Тодароның көші-қон үлгісі біздің еліміздегі әлеуметтік-экономикалық жағдайды түсіндіруге қолайлы.

Қазақстанда жан басына шаққандағы жоғары білім деңгейінің басқа дамушы мемлекеттермен салыстырғанда жоғарылығына қарамастан, елімізде жұмыссыздық мәселесі өзекті. Мамандар тұрғындардың көп бөлігінің жұмысбастылығын қамтамасыз ету үшін келесі салаларды дамытуды ұсынады:

Ауыл шаруашылығы;

Тамақ және жеңіл өнеркәсіп;

Қызмет көрсету саласы мен туризм.

Елімізде халықтың 44 %-і ауылдық жерде тұрады. Ал, орташа және аз урбандалған елді мекендердің үлесі 60 %. Демек, ауыл шаруашылығын дамыту біздің еліміз үшін өзекті болып қалмақ.

Құрылымдық өзгерістер теориясының өкілдері (мысалы, А. Фишер, К. Кларк, Ж. Фурастье) халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайының артуы экономикадағы үшінші сектор – қызмет көрсету саласының дамуымен тығыз байланысты екенін айтқан. Жан Фурастье, француз әлеуметтанушысы және индустриалды қоғам теоретигі «XX ғасырдың үлкен үміті» еңбегінде қызмет көрсету саласы өркендеген қоғамда өмір сүру сапасының артуы, әлеуметтік қауіпсіздік, білімнің үстемдік құруы, мәдениеттің дамуы, біліктіліктің жоғары деңгейі, еңбектің гуманизациясы, жұмыссыздықтың жойылуы сияқты жағдайлардың орын алатынын айтады (Меньшикова, 2001: 15). Қызмет көрсету саласын дамытуды қолға алудың әлеуметтік және экономикалық сала үшін маңыздылығын әлемде ең дамыған елдерде қызмет көрсету саласынан түсетін кіріс елдің ЖІӨ-ге түсетін кірістің 80 пайызын құрап отырғандығынан көруге болады.

Сонымен, құрылымдық-функционалдылық парадигмасына жатқызуға болатын теориялардың барлығы да көші-қонға әсер ететін фактор – экономикалық саланың жағдайы деп көрсетеді. Миграция барлық жағдайда аз дамыған аймақтардан, елдерден, елді-мекендерден табыс табуға мүмкіндіктер жоғары болатын жерлерге қарай бағытталады. Зерттеушілер құрылымдық парадигма теоретиктерін сынап жатады: егер көші-қонның басты себебі экономикалық жағдай болатын болса, онда әлемде мигранттардың саны анағұрлым көбеймес пе еді? Алайда әлеуметтанушылар С. Стоффер және Э. Ли, ығыс-

тырушы факторлармен қоса көші-қон акторын мекенінде ұстап қалатын факторлардың да болатындығын айтады. Олар – туған жерге деген қимастық сезімдер, қалып бара жатқан жақын адамдарды қимау, т.б. сияқты сезімдер және шығынды есептеу. Әлеуметтанудағы құрылымдық-функционалдылық парадигманың кемшілігі, олар жүйені, жүйенің адамға әсерін бірінші орынға қояды. Яғни, адам қоғамға икемделіп, бейімделіп, қоғамға сай әрекет етуі керек. Бұндай тұжырым бір қарағанда дұрыс та көрінуі мүмкін. Көші-қонның құрылымдық теориясының өкілдері де көші-қон акторы – адамнан осыны күтеді. Бірақ бұл тәріздес теориялар қоғамды және оның құраушы жүйелерін (әлеуметтік, экономикалық, саяси, мәдени) алдыңғы орынға қойып, адамды жеке мені жоқ, қоршаған ортаға сай әрекет ететін «құрылғы» сияқты түсіндіреді. Тіпті, құрылымдық-функционалдылық парадигмасының негізгі өкілі Т. Парсонс өз теорияларында адамды да қоғамның бір жүйесі ретінде көрсетеді (Ритцер, Степницкий, 2018: 264). Әлеуметтанудағы интегративті парадигма теоретиктері Т. Парсонстың теориясын өзгерістерге икемсіздігі үшін сынға алған.

Әлеуметтанудағы көші-қон процесін түсіндіретін келесі теорияларды микроәлеуметтанулық парадигма топтастыруға болады. Бұл топтағы теорияларды отандық зерттеушілердің бірқатары көші-қонның субъективтік теориялары деп көрсеткен. Көші-қонның микродеңгейлі теориялары адамды көші-қонның агенті ретінде қарастырады. Бұл теория өкілдері қоғамның, қоғамдағы құрылымдық жағдайлардың көші-қонға тигізетін әсерін жоққа шығармайды, қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық, саяси немесе экологиялық жағдайлар сияқты объективті факторлар көші-қонның бірден-бір себебі болады, бірақ көшу ниеті, қоныс аударуға шешім индивидуум деңгейінде қабылданады (Забирова, 2003: 134). Микроәлеуметтанулық көзқарас бойынша адам қоныс аударуға кететін шығындар мен көшіп барған жердегі табатын табысын салыстырып, яғни рационалды ойлау арқылы шешім қабылдап, соған байланысты әрекет ететін субъект ретінде қарастырылады. Бұндай көзқарасты біз М. Вебердің іс-әрекет көзқарас теориясынан, рационалды ойлау тұжырымдамасынан байқаймыз. Әлеуметтанушы Э. Ли көші-қонның «ығыстырушы» және «тартушы» факторларымен қоса, үшінші фактор – «ұстап тұрушы» жағдайлардың болатынын айтқан, яғни жеке адамға қатысты субъективті факторлар, олар – қимастық сезімдер, дәстүр

мен діннің әсері, адамның жеке қасиеттері – өзгерістерге, жетістікке ұмтылу, т.б. жағдайлар.

Әлеуметтанудың микроәлеуметтанулық парадигмасы тобына кіретін теориялар – әлеуметтік айырбас теориясы (Дж. Хоманс, П. Блау), рационалды таңдау теориясы (М. Вебер, Дж. Коулмен), символикалық интеракционизм (Дж. Мид, Г. Блумер, Ч. Кули), феноменология (А. Шюц), әлеуметтік акционализм (А. Турен) теориялары. Бұл теориялардың ерекшелігі – нақты жағдайға байланысты жасалатын тұлғааралық қатынастардың ерекшеліктерін түсіндіру, яғни адамды, оның іс-әрекеті мен мінез-құлқын басты орынға қоятындығында. Көші-қон процесін бихевиористік көзқарас тұрғысынан түсіндіретін еңбек – У. Томас пен Ф. Знанецкийдің «Европа мен Америкадағы поляк шаруасы» (1918). Бұл еңбек әлеуметтанудағы эмпирикалық әлеуметтанудың дамуымен қоса көші-қон теорияларын әдістемелік жағынан толықтыруға да үлкен үлес қосты. Авторлар еңбекте көші-қонның салдары, көшіп-қонушылардың жаңа жерге бейімделуі, олардың әлеуметтік шығу-тегі, көші-қонға итермелеген мотивтерін әлеуметтанудың эмпирикалық әдістері арқылы зерттеді (Сердюков, 2018: 296).

Жеке тұлғаның немесе отбасының қоныс аудару шешімін зерттеп, көші-қонды адамның жан-жақты ойластырылып қабылдаған шешімінің нәтижесі, рационалды әрекеті деп түсіндірген Г. Хаберкорн болды. Г. Хаберкорн көші-қонды адамның жеке қасиеттеріне байланысты жасалатын әлеуметтік іс-әрекет, процесс ретінде қарастырады. Адамның шешім қабылдауы сапалық қасиеттеріне байланысты – қатерден қорықпайтын, жаңа жерге тез бейімделгіш, қажетті ақпаратты жинап алып, оны екшеп, жауапкершілікті өз мойнына алуға бейім интерналдар миграцияға бейім. Хаберкорн қоныс аударған мигранттың іс-әрекетін былай сипаттайды – өзгеріске, жақсы өмірге ұмтылған адам жаңа жерге барынша кедергісіз әрі жылдам кірігу, бейімделу мақсатында, өзінің этникалық шығу-тегі бір адамдардан саналы түрде алшақтауға бейім (Забирова, 2003: 135).

Көші-қон адамның белгілі-бір өмір салтын ұстануынан келіп туындаған әрекет деп түсіндіретін тұжырымдама өкілдері – Р. Парк, Э. Берджесс, Л. Вирт, Р. Маккензи, М. Гордон, т.б. үлкен қалалардың, ондағы адам үшін ыңғайлы өмірдің мигрантты тартатын қасиетін қарастырған. Бұндай тұжырымдаманы ұстанушылар үлкен қалалардағы жылдам өмір, қала мәдениеті, қала инфрақұрылымы ауыл тұрғындарын, әсі-

ресе мобильділікке бейім жастарды тартатынын және қаланың «сіңіргіш, жұтып алатын» қасиетін айтады. Мысалы, Р. Парк – индивидтер мен әлеуметтік топтар бір-бірінен мәдениеттерді қабылдап, ортақ мәдениетті тудырып, индивидтердің әлеуметтік топқа әлеуметтік-мәдени түрде сіңіп кетуін ассимиляция деп түсіндіреді. Қала мигрантты қабылдамауы да мүмкін, жаңа мәдениетке үйренбеу, мойын ұсынбау маргиналдылыққа алып келеді (Park, 1950: 349). Осыған ұқсас ойларды Л. Вирттің еңбектерінен және күнделікті өмір әлеуметтануының негізін қалаушы А. Шюцтің еңбектерінен байқаймыз. Көші-қонды мобильділік, өзгерістер, бейімделу, әлеуметтену тұрғысынан зерттеп, көші-қон тек территориялық қозғалыс қана емес, адамның жан дүниесі, белгілі-бір өмір сүру салтына ұмтылудан келіп туындаған әлеуметтік мобильділік деп түсіндіреді бұл тұжырымдаманы ұстанушылар.

Жоғарыда аталған әлеуметтанушылардың ойларын қазіргі Қазақстанның жағдаймен салыстыруға болады. Қазіргі таңда әлемде жаһандандудың салдары урбанизация үрдісі қарқынды жүруіне әсер етіп отыр және Қазақстан осы әлемнің бір бөлігі ретінде бұл процестен тысқары қалмақ емес. Урбанизация үрдісіне әсер ететін жағдайлар:

Ауылдан қалаға қарай қоныс аудару;

Қала шетінде аудандардың пайда болуы;

Қалаға жақын орналасқан ауылдық елді-мекендердің қала статусын алуы;

Қала халқының табиғи өсімі.

Ауыл жастарының ауылдық жерлер мен аймақтық қалалардан республикалық деңгейдегі ірі қалаларға кетуінің артуы, қала шетінде орналасқан аудандардың ұлғаюы және кедейленуі еліміздегі урбанизация (үрдіс ретінде) мен урбанизацияланудың (урбанизация процесінде қол жеткізген әлеуметтік, экономикалық, мәдени, т.б. көрсеткіштер деңгейі) арасындағы үлкен айырмашылықтарды туғызуда. Бұл жағдай миграциологияда қалаға бейімделу, қала мәдениетін сіңіру мәселелерінің өзекті екенін көрсетеді.

Сонымен, көші-қонды микроәлеуметтанулық парадигма тұрғысынан түсіндіретін теориялар шешім қабылдау процесіндегі адамның психологиялық ерекшеліктеріне мән береді. Көші-қонға әсер ететін факторлар – ақпараттың ролі, сонымен бірге қатерлерді қабылдауға дайын болу, субъективті бақылау деңгейі, мобильділік, жетістікке, дамуға ұмтылу сияқты адамның жеке қасиеттері әсер етеді. Бихевиористік теория авторлары көші-қонға басты себеп болатын

құрылымдық жүйелердің ықпалын теріске шығармайды, миграция процесін сипаттауда психологиялық факторлардың маңызды роль атқаратынын баса айтады.

Көші-қонды түсіндіретін теориялардың келесі тобын интегративті парадигмаларға жататын теориялар деп топтастыруға болады. Интегративті парадигмалар әлеуметтік шындықты объективті және субъективті, құрылымдық және динамикалық, қоғамдық және тұлғалық тұрғыдан бірдей алып талдайды. Бұл теориялар көші-қонға құрылымдық жүйелердің даму деңгейінің де және тұлғалық-индивидуалды факторлардың да әсерінің маңыздылығын бірдей қарастыратын миграциология ғылымы саласындағы жаңа теориялар. Теориялық-әдістемелік негізін қалаған – жаңа заман әлеуметтануының классиктері П. Сорокин (әлеуметтік мобильділік теориясы), П. Штомпка (әлеуметтік өзгерістер теориясы), П. Бурдьё (конструктивтік структурализм), Ю. Хабермас (коммуникативті іс-әрекет теориясы), Э. Гидденстің құрылымдау теориясы.

Көші-қонды желілік қатынастар тұрғысынан түсіндіретін желілік теория, негізін қалаушы – Дуглас Массей. Миграциологияда желілер – адамның әлеуметтік капиталы, яғни туыстары, таныстары, жерлестері, отандастары. Д. Массей өз теориясына негіз етіп П. Бурдьё, Дж. Коулман, Р. Патнэм, Ю. Хабермас, Ф. Фукуяма, Н. Луманның әлеуметтік капитал туралы еңбектеріне сүйенді, олар әлеуметтік капитал топтық ресурстар, құндылықтар, қоғамдық игіліктер, топтық бірегейлік, сенім арқылы қалыптасады деп түсіндірді. Әлеуметтанушылар өз кезегінде әлеуметтік капиталдың теориялық-әдістемелік негізін әлеуметтік капиталдың мәнін экономикалық категория деп түсіндірген А. Смит, Д. Рикардо, К. Маркстің теорияларынан алған (Абдикерова, 2017: 26). Әлеуметтану ғылымында әлеуметтік капиталдың негізін қалаған – Пьер Бурдьё. Ол әлеуметтік капиталды адамның топтық ресурстары, топтық байланыстары деп түсіндіреді және соларды адам өз пайдасына жұмсай алады. П. Бурдьё адамдық капиталдың төрт түрін көрсеткен: әлеуметтік (шығу тегі, таныстары), экономикалық (жиған қаражаты, меншігі), мәдени (алған білімі, тәрбиесі) және символдық (сенім). Адамның белгілі-бір әлеуметтік алаңда доминантты орынға ие болуы оның әлеуметтік капиталының деңгейіне байланысты болады. Адамның шығу тегі оның габитусын анықтайды, ал капитал – габитустан шығады. Габитус – әлеуметтендірілген дене, деп түсіндіреді Бурдьё

өз ойларын. Дж. Коулман адамның мінез-құлқының коллективті шешім қабылдауға тигізетін әсерін қарастырған. Қазіргі қоғамды ассиметриялық қоғам деп, дәстүрлі мәдениет пен жаңа мәдениет арасындағы қақтығысты сипаттайды. Жаңа акторлар (жаһандану) өз мүдделерін БАҚ арқылы таратуда; жаңа, өзге мәдениетті санаға күштеп сіңіруде, сөйтіп ескі акторларды (отбасы құндылықтары, туыстар, көршілер) ығыстыруда, осы тұста сенім проблемасы басты орында тұруы тиіс. Мемлекеттің ролінің басымдығы – жаңа мәдениетке төтеп беру үшін қоғамдық институттарды мемлекет реттеп отыруы тиіс. Дж. Коулман әлеуметтік капитал қоғамдық игіліктер деп түсіндірген.

Әлеуметтанудағы желілік талдау теориясы көші-қонды адамның топтық ресурстары мен ақпараттың бірден-бір әсер етуі тұрғысынан қарастырады. Теорияның мазмұны – адам бұрын көшіп кеткен таныстары, туыстары, жерлестері, өз ұлтының өкілдері, т.б. байланыстарына арқа сүйеніп, жаңа, өзіне таныс емес жерге (үлкен қалаға, өзге елге) көшуге бел буады, олар оның жаңа жерге бейімделуіне үлкен әсер етеді. Адам жаңа жерде желілік байланыстары арқылы қаражат жағынан, жұмысқа орналасу, баспанаға орналасу сияқты мәселелерін шеше алады. Бұл мигрантқа көші-қон барысындағы түрлі қиындықтарды (экономикалық, психологиялық) оңай жеңуге көмектеседі. Адам қоныс аударуға шешім қабылдау барысында әлеуметтік желілерден алған ақпараттарына сүйенеді. Қоныс аударушы үшін ақпараттың маңызы зор. Әлеуметтік желілер – қоныс аударуға итермелейтін, «ығыстырып» шығарушы фактор болып табылады. Осылайша Массей көші-қонды экономикалық өсімнің әсерінен, саяси, экономикалық және әлеуметтік салалардағы ғаламдық интеграциялардың салдарынан туындайтын процесс деп түсінді.

Жаһанданудың әсерінен көптеген процестер, оның ішінде халықтың көші-қоны соңғы жылдары қарқынды жүруде және көші-қонды жаһандану тұрғысынан түсіндіру заман талабы болып отыр. Әлемдік жүйелер теориясы көші-қонды жаһанданудың салдары, экономикалық және саяси интеграциялардың нәтижесінде жаппай интернациялану орын алып, ғаламдық нарық құрылып, ғаламдық капитал, тауарлар мен қызметтер айналысы ғаламдық еңбек күшін де үдете түседі. Көші-қон процесі, әсіресе, империалистік мемлекеттер мен бұрынғы колониялар арасында қарқынды. Жаһанданушылардың ойынша, экономиканың

интернационалдануы капитал айналымын үдетеді, ал ол өз кезегінде адамдардың қозғалысын тудыртып, көші-қон жаһанданудың салдарына айналады. Тауар, капитал және көші-қон ағыны елдер арасындағы шекаралардың алынып тасталынуына алып келеді және мемлекеттердің егемендігіне қауіп төндіреді. Жаһанданушылар көші-қон процесін «орталық-шеткері аймақ (периферия)» тұрғысынан қарастырады. Дамыған мемлекеттердегі жоғары экономикалық өсім мен дамушы елдердегі әлеуметтік-экономикалық және саяси проблемалар көшіп-қонушыларды тартатын және ығыстырушы факторлар болып табылады. Жаһанданудың көші-қонға әсерін С. Каслс және М. Миллер «The Age of Migration» атты еңбектерінде сипаттаған. Американдық әлеуметтанушы С. Сассен «The Mobility of Labor and Capital» атты еңбегінде дамушы елдерге салған инвестициялар сол елдерде эмиграцияның күшеюіне алып келеді деген қарсы тұжырым айтқан. С. Сассен өзінің «жаһандық қала» тұжырымдамасында жаһандық және цифрлық қоғамдағы әлеуметтік теңсіздіктің жаңа формаларын, кедейшіліктің жылдам таралуын, көші-қонның жаңа ерекшеліктерін сипаттаған (Грибова, 2018: 44).

Қазіргі заман әлеуметтанушысы И. Валлерстайн «әлемдік жүйелер» теориясында мемлекеттерді даму деңгейіне қарай орталық (ядро мемлекеттер), шеткі (перифериялар) деп бөлген. Әлеуметтану теоретигі И. Валлерстайн жаһандану мен қазіргі замандағы көші-қонды былайша сипаттайды:

– капитализмнің кең таралуы қалалардың дамуына әкеледі. Жаһанданудың салдарынан ірі қалалар пайда болады, ірі қалаларда мигранттарға сұраныс орын алады;

– дамушы елдерде капиталистік қатынастардың орнауы көші-қонға бейім мобильді халық қалыптасады;

– дамыған елдердегі ірі кәсіпорындардың иелері кәсіпорындарын арзан жұмыс күші, арзан шикізат, арзан жерлерге сала бастайды. Бұл өз кезегінде дамушы елдердің экологиясына орасан зиян келтіреді, алайда дамушы елдер қосымша жұмыс орындары үшін бұған көз жұма қарайды;

– экономикасы нарықтық қатынастарға ауысқан дамушы елдерде, құрылымдық дағдарыстың салдарынан көші-қон ауылдан қалаларға қарай жүреді, ал қалалардан дамыған елдерге қарай бағытталады.

Біз осы бағыттағы ойларды қазіргі заман әлеуметтанушылары Р. Коллинздің және Г. Дерлугьянның еңбектерінен көреміз.

Әдістеме

Мақаланы жазу барысында авторлар, халықтың көші-қоны мәселесіне қатысты негізгі әлемдік теорияларды әлеуметтану ғылымындағы негізгі парадигмаларға топтастыру және жіктеу әдістерін қолданды.

Қазіргі әлеуметтану ғылымында көші-қон құбылысын түсіндіру және талдауға теориялық тұрғыда негіз болатын, бірін-бірі толықтыратын қоғамдағы әлеуметтік құбылыстар мен процесстерді макро- және микродеңгейде түсіндіретін бірқатар ғылыми парадигмалар бар. Солардың біріншісі, қоғамдық жүйені алдыңғы орынға қоятын құрылымдық-функционалдылық теориясы. Құрылымдық-функционалдылық парадигмасы көші-қонды әлеуметтік құбылыс және әлеуметтік процесс ретінде макродеңгейде қарастырып, көші-қонның себебі қоғамдағы негізгі жүйелердің, соның ішінде экономикалық жүйенің даму деңгейіне байланысты деп түсіндіреді.

Қазіргі таңда әлеуметтік құбылыстар мен процесстерді зерттеушілер тарапынан құрылымдық-функционализмге қызығушылық артқан. Бұның себебі, мүмкін, қазіргі уақыттағы жаһандану заманының қарқынды жүруіне байланысты, жаһанданудың салдарын түсіндіру барысында туындаса керек. Өйткені бұл әдістеме адамзаттың менталды құндылықтарына сәйкес келеді: отбасы құндылықтарын қастерлеу, отбасының ұрпақтан ұрпаққа құндылықтарды трансформациялайтын қызметін берік ұстану, отанды сүю, ұлтын, тілін қадірлеу, дәстүрді құрметтеу сияқты мызғымас адамзат нормалары. Құрылымдық-функционалдылық парадигмасының мазмұны – адамның қалыптасуына және оның қандай да бір жағдайларға байланысты белгілі-бір ортада жасаған іс-әрекетіне оның қоршаған ортасы әсер етеді, яғни адамның қоғамда қалыптасқан үлгілерді қабылдауы. Сонда ғана адам қоғамға жанжалсыз кіріге алады деп түсіндіреді әдістемелік бағыт өкілдері.

Құрылымдық-функционалдылық көзқарастың теориялық-әдістемелік негізін қалаған Т.Парсонс, ол өз зерттеулерін О. Конт, Г. Спенсер, Э. Дюркгейм, Б. Малиновский, П. Сорокиннің еңбектеріне сүйене отырып жасады. Т. Парсонстың идеяларын одан әрі дамытып, толықтырған Р. Мертон болды (индивидтер, әлеуметтік топтардың қоғамға интеграциялануы барысында болатын қақтығыстар). Ол қоғамдағы әлеуметтік құбылыстардың қоғамға тигізетін айқын және жасырын әсерлерінің болатындығын түсіндірген. Көші-қон процесін түсіндіретін ілімдердің

басым көпшілігі бұл құбылысты құрылымдық-функционалдылық тұрғысынан сипаттайды, мысалы Э. Равенштайн, Э. Ли, А. Льюис, М. Тодаро, Т. Файст, т.б. зерттеушілер көші-қонды түсіндіру барысында қоғамның әлеуметтік-экономикалық, саяси даму деңгейі миграцияның негізгі себебі бола алады сипаттаған.

Яғни, құрылымдық-функционалдылық әдістеме, біріншіден, қоғамды жүйе ретінде қарастырады; екіншіден, қоғамдағы құбылыстар мен процестер бір-бірімен каузальды байланысып жатыр; қоғам өздігінен реттеліп отырады, әмбебап.

Көші-қонның себептерін микродеңгейде түсіндіретін зерттеулер негізінен әлеуметтанушыларға тиесілі. Микродеңгейлі парадигмаларға әдістемелік негіз болған теориялар: әлеуметтік айырбас теориясы (Дж.Хоманс, П. Блау), рационалды таңдау теориясы (М. Вебер, Дж. Коулмен), символикалық интеракционизм (Дж. Мид, Г. Блумер, Ч. Кули), феноменология (А. Шюц, Э. Гуссерль), әлеуметтік акционализм (А. Турен) теориялары. Бұл теориялардың ерекшелігі – белгілі-бір нақты жағдайға байланысты жасалатын тұлғааралық қарым-қатынастардың ерекшеліктерін түсіндіру, яғни адамды, оның іс-әрекеті мен мінез-құлқы, күнделікті өмірдегі әлеуметтік қарым-қатынастары басты орынға қойылады. Әдетте көші-қон саласында микродеңгейлі парадигмалардың әдістемелерін кеңінен қолданған әлеуметтанушылар болды – Г. Хаберкорн, У. Томас, Ф. Знанецкий, Р. Парк, Э. Берджесс, Л. Вирт, Р. Маккензи, М. Гордон, т.б. бұл еңбектердің барлығы да көші-қонның себептері мен мотивтеріне тұлғалық деңгейде баға берілді. Бұл зерттеушілер көші-қонды зерттеу барысында әлеуметтану ғылымындағы әдістерді пайдаланды. Мысалы, У. Томас пен Ф. Знанецкий Европа мен Америкаға қоныс аударған поляк шаруаларының миграциялық мотивтерін зерттеу барысында әлеуметтанудағы сұрау, тереңдетілген сұхбат, құжаттарды талдау, бақылау әдістерін қолданды. XX ғасырдың басындағы ірі қалаларға қоныс аударушыларға жүргізілген зерттеулер әлеуметтанудағы сапалық зерттеу әдістерінің дамуына алғышарт болды.

Көші-қонның себебін түсіндіретін үшінші топтағы теорияларды интегративті бағыттағы парадигмаларға жатқызамыз, яғни олар көші-қонның себебін құрылымдық және тұлғалық деңгейде, екіжақты қарастырды.

Интегративті парадигмалар әлеуметтік шындықты объективті және субъективті, құрылымдық және динамикалық, қоғамдық және тұл-

ғалық тұрғыдан бірдей алып талдайды. Бұл теориялар көші-қонға құрылымдық жүйелердің даму деңгейінің де және тұлғалық-индивидуалды факторлардың да әсерінің маңыздылығын бірдей қарастыратын миграциология ғылымы саласындағы жаңа теориялар. Теориялық-әдістемелік негізін қалаған – жаңа заман әлеуметтануының классиктері П. Сорокин (әлеуметтік мобильділік теориясы), П. Штомпка (әлеуметтік өзгерістер теориясы), П. Бурдьё (конструктивтік структурализм), Ю. Хабермас (коммуникативті іс-әрекет теориясы), Э. Гидденстің құрылымдау теориясы. Айталық, миграциологиядағы желілік теориясының негізін қалаушы Д. Массей өз теориясына алғышарт ретінде П. Бурдьё, Дж.Коулман, Р. Патнэм, Ю. Хабермас, Ф. Фукуяма, Н. Луманның әлеуметтік капитал туралы еңбектеріне сүйенді, олар әлеуметтік капитал топтық ресурстар, құндылықтар, қоғамдық игіліктер, топтық бірегейлік, сенім арқылы қалыптасады деп түсіндірді. Әлеуметтанушылар өз кезегінде әлеуметтік капиталдың теориялық-әдістемелік негізін А. Смит, Д. Рикардо, К. Маркстің теорияларынан алған, экономистер әлеуметтік капиталды экономикалық категория ретінде қарастырған.

Халықтың қоныс аударуын ғаламдық деңгейде түсіндіретін И. Валлерстайн, С. Каслс, С. Сассен, Р. Коллинз, Д. Массей, Скелдон, т.б. көші-қонды түсіндіру барысында интегративті парадигмалар өкілдерінің әлеуметтік өзгерістерді түсіндіруде қолданған әдістемесіне сүйенеді.

Қорытынды

Біздің ойымызша, көші-қонды әлеуметтік құбылыс және әлеуметтік процесс ретінде зерттеу барысында П. Штомпканың құрастырған қоғамның төртөлшемді моделі үйлесетін сияқты. П. Штомпка қоғамдағы әлеуметтік құбылыстар мен процестерді зерттеу үшін шындыққа үйлесетін жаңа әдістеменің қажет екендігін айтқан. Штомпканың түсіндіруі бойынша қоғам – үнемі өзгерісте болатын әлеуметтік процестер мен белгілі-бір заңдылықпен қайталанып отыратын әлеуметтік құбылыстардың жиынтығы. Яғни қоғам, Штомпканың айтуы бойынша динамикалық организм. Қоғам – әлеуметтік құрылым, әлеуметтік процестер мен құбылыстар – әлеуметтік құрылымды құраушылар. Көші-қонды түсіндіретін алдыңғы қатарлы теорияларды талдай келе, біз көші-қон теорияларын Штомпканың қоғамдық құрылымды түсіндіретін төрт деңгейлі моделіне сүйене отырып жіктеуді ұсынамыз. Яғни, халық-

тың көші-қоны – қоғамдағы өзгермелі әлеуметтік процесс және уақыт аралығында белгілі-бір заңдылықпен қайталанып отыратын әлеуметтік құбылыс ретінде төрт деңгейде қарастырылуы керек:

– бірінші деңгейде, Э. Дюркгеймнің құрылымды сипаттайтын теориясы мен әдістемелеріне сүйенетін функционалистік бағыт өкілдері және көші-қонды функционалистік тұрғыдан түсіндіретін теориялар. Негізгі идеясы – қоғамда қалыптасқан құндылықтар мен нормалар, әлеуметтік факт, коллективті сана, яғни, адамдардың жасаған іс-әрекеті, жалпы әлеуметтік процестер қоршаған ортаның әсерінен туындайды;

– екінші деңгейде, көші-қонды М. Шелер, А. Шюцтің феноменологиясына сүйене отырып сипаттайтын теориялар. Бұл теориялардың негізгі идеясы – күнделікті өмір, идеал, сенім, көзқарас, өмірлік ұстаным, фреймдер;

– үшінші деңгейде, Г. Зиммельдің көзқарастарына сүйеніп жасалған айырбас теориясы мен бихевиористік сипаттағы теориялар. Негізгі

идеясы – интеракциялар, адамдық қатынастар, мотивтер, мінез-құлықтар;

– төртінші деңгейде, К. Маркс пен М. Веберден бастау алатын, әлеуметтік таптар, әлеуметтік жіктелу, әлеуметтік топтарды зерттеушілер. Негізгі ұстанымдары – әлеуметтік таптар мен топтар арасында материалды игіліктердің теңсіз бөлінуі әлеуметтік жіктелуге алып келеді. Бұл – қызығушылықтардың әртүрлілігін туғызады, ал бұл өз кезегінде қоғамда жанжал, қарсылықтарды тудырады.

Көші-қон процесін сипаттайтын теорияларды талдай келе және оларды ғылыми тұрғыдан жіктей отырып, біз, көші-қон саласындағы қазіргі заманғы теориялардың интегративті парадигмалардың идеяларына сүйене отырып құрастырылғандығын көреміз. Әрине, қоғамдағы құрылымдық қателіктер, теңсіздіктер сөзсіз көші-қонды тудыратын басты факторлар бола алады, алайда бұл жерде көшіп-қонушының ішкі сенімдері, өмірлік ұстанымдары сияқты факторлардың болатындығын да ескеру орынды.

Әдебиеттер

- Абдикерова Г.О. Социальный капитал: основные концепции и стратегии // Вестник КазНУ им.аль-Фараби. Серия психологии и социологии. – 2017. – № 4 (63). – С. 26.
- Адедиран А.М. Ключевые вехи становления современной теории миграции в работах западных ученых XX века // Вестник Российского университета дружбы народов. Серия: Социология. – 2015. – № 1. С. 30-32.
- Brettell C. and Hollifield J. Migration Theory: Talking across disciplines. 3th Edition. – New York: Routledge, 2015. – P. 3-25.
- Castles S., Haas H., Miller M.J. The Age of Migration: International Population Movements in the Modern World (5th Edition). – Palgrave Macmillan, 2014. – P. 1-24.
- Collins R. Technological Displacement and Capitalist Crises: Escapes and Dead Ends // Political Conceptology. – 2010. – № 1. – [Электронный ресурс] URL: <http://politconcept.sfu.edu.ru>
- Грибова К.Л. Концепция глобального социального неравенства в творчестве Саскии Сассен // Вестник Московского Университета. Серия 18. Социология и политология. – 2018. – № 4 (24). – С. 41-58.
- Дерлугьян Г.М. Как устроен этот мир. Наброски на макросоциологические темы. – М.: Изд. Института Гайдара, 2013. – С. 176.
- Забирова А. Теории и концепции процессов миграции в зарубежной социальной науке // Евразийское сообщество. – 2003. – №2 (42). – С. 131-135.
- Ивахнюк И.В. Развитие миграционной теории в условиях глобализации // Век глобализации. – 2015. – № 1. – С. 36-51.
- Harris J., Todaro M. Migration, unemployment and development: a two-sector analysis // American Economic Review. – 1970. – № 1. – P. 126-142.
- Lee E.S. A theory of migration // Demography. – 1966. – Vol. 3. – № 1. – P. 47-57.
- Меньшикова Г.А. Экономика и социология непродуцированной сферы: Учебно-методическое пособие. – Санкт-Петербург: Изд-во Санкт-Петербургского гос. Ун-та, 2001. – С. 15.
- Park R.E. Human Migration and the Marginal Man: Race and Culture. – Free Press, 1950. – P. 349
- Проценко Н. Читательская биография исторического социолога Георгия Дерлугьяна. Часть первая. [Электронный ресурс] URL: <https://gorky.media/context/menya-pogazilo-kakaya-zhe-zanudnaya-beliberda-majn-kampf-gitlera/>
- Ритцер Дж., Степницки Дж. Әлеуметтану теориясы. 10-басылым. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. – Б. 264.
- Садовская Е. Международная миграция в Казахстане в период суверенитета // Казахстан Спектр. – 2016. – № 1 (75). – С. 10.
- Сердюков К.Н. Основные парадигмы социологического подхода к исследованию миграционных процессов (часть 1) // Известия Саратовского университета. Серия Социология. Политология. – 2018. – Т.18. – Вып. 3. – С. 295-299.
- Skeldon R. Migration and Development: A Global Perspective. – London: Longman, 1997. – P. 108-115.
- Skeldon R. Migration and Poverty // Asia-Pacific Population Journal. – 2002. – Vol. 17. – № 4. – P. 67-82

Stouffer S.A. Intervening opportunities: a theory relating mobility and distance // *American Sociological Review*. – 1940. – Vol. 5. – № 6. – P. 845-867.

Todaro M. P. A Model of Labour Migration and Rural Unemployment in Lessdeveloped Countries // *American Economic Review*. – 1969. – № 59. – P. 138-148.

Штомпка П. Социология социальных изменений / пер.с англ.под ред. В.А.Ядова. – М.: Аспект-Пресс, 1996. – 416 с.

Штомпка П. Социология: анализ современного общества/ пер. с польского С.М.Червонной. – М.: Логос, 2005. – 664 с.

Wickramasinghe A.A., Wimalaratane W. International migration and migration theories // *Social Affairs*. – 2016. – Vol. 1. – №.5. – P. 13-32.

World Migration Report. 2018. [Электронный ресурс]. URL:<https://www.iom.int/wmr/world-migration-report-2018>

Юдина Т.Н. Социология миграции: Учебное пособие для вузов. – М: Академический Проект, 2006. – С.221.

References

Abdikerova G.O. (2017) Sotsial'nyi kapital: osnovnye kontseptsii i strategii [Social capital: basic concepts and strategies]. *The Journal of Psychology & Sociology*, no 4 (63), pp. 24-33.

Adediran A.M. (2015) Klyuchevye vekhi stanovleniya sovremennoy teorii migratsii v rabotakh zapadnykh uchenykh XX veka [Key milestones of the formation of the modern theory of migration in the works of Western scientists of the XX century]. *RUDN Journal of Sociology*, no 1, pp. 30-32.

Brettell C. and Hollifield J. (2015) *Migration Theory: Talking across disciplines*. Third Edition. New York: Routledge. pp. 3-25

Castles S., Haas H., Miller M. J. (2014) *The Age of Migration: International Population Movements in the Modern World*. 5th Edition. Palgrave Macmillan, pp.1-24

Collins R. (2010) Technological Displacement and Capitalist Crises: Escapes and Dead Ends. *Political Conceptology*, no 1, [Online] Available from: <http://politconcept.sfsu.edu> [Accessed 05.01.2010]

Derlug'yan G.M. (2013) Kak ustroyen etot mir. Nabroski na makrosotsiologicheskiye temy. [How this world works. Outlines on macrosociological topics]. М.: Izd. Instituta Gaydara. p.176

Gribova K.L. (2018) Kontsepsiya global'nogo sotsial'nogo neravenstva v tvorchestve Saskii Sassen [The concept of global social inequality in the works of Saskia Sassen]. *Moscow State University Bulletin. Series 18. Sociology and Political Science*, no 4 (24), pp. 41-58.

Harris J., Todaro M. (1970) Migration, unemployment and development: a two-sector analysis. *American Economic Review*, no 1, pp.126-142.

Ivakhnyuk I. V. (2015) Razvitiye migratsionnoy teorii v usloviyakh globalizatsii [The development of migration theory in the context of globalization]. *The Age of Globalization*, no 1, pp. 36-51.

Men'shikova G.A. (2001) *Ekonomika i sotsiologiya neproizvodstvennoy sfery. Uchebno-metodicheskoye posobiye*. [Economy and sociology of non-production sphere. Teaching manual] St.Peterburg. p. 195.

Lee E.S. (1966) A theory of migration. *Demography*. Vol. 3, no 1. pp. 47-57.

Park R.E. (1950) *Human Migration and the Marginal Man*. Race and Culture. Free Press. p. 349.

Protsenko N. (2018) Chitatel'skaya biografiya istoricheskogo sotsiologa Georgiya Derlug'yana [The reader's biography of the historical sociologist George Derlugyan]. Chast' pervaya. [Online] Available from: <https://gorky.media/context/menya-porazilo-kakaya-zhe-zanudnaya-beliberda-majn-kampf-gitlera/> [Accessed 4.09.2018]

Ritzer G., Stepnisky J. (2018) A'leumettanu teoriasy. 10 basyl'm [Sociological Theory. 10th edition]. Almaty: "Ul'tyq Ay'darma Biy'rosy" Qog'amdyq qory. pp. 264.

Sadovskaya E. (2016) Mezhdunarodnaya migratsiya v Kazakhstane v period suvereniteta. [International migration in Kazakhstan during the period of sovereignty] *Kazakhstan Spectrum. Scientific journal*, no 1 (75), pp. 7-42.

Serdyukov K.N. (2018) Osnovnyye paradigmy sotsiologicheskogo podkhoda k issledovaniyu migratsionnykh protsessov (chast' 1) [The main paradigms of the sociological approach to the study of migration processes (Part 1)]. *News of Saratov University. Series Sociology. Political science*, no 3 (18), pp. 295-299.

Skeldon R. (2002) Migration and Poverty. *Asia-Pacific Population Journal*, vol. 17. no 4. pp. 67-82

Skeldon R. (1997) *Migration and Development: A Global Perspective*. London: Longman. pp. 108-115.

Shtompka P. (2005) Sotsiologiya: analiz sovremennogo obshchestva [Sociology: analysis of modern society]. Per. s pol'skogo S.M.Chervonnoy. M. Logos. p. 664.

Shtompka P. (1996) Sotsiologiya sotsial'nykh izmeneniy [Sociology of social change]. Per.s angl.pod red. V.A.Yadova. M. Aspekt-Press. p. 416.

Stouffer S.A. (1940) Intervening opportunities: a theory relating mobility and distance. *American Sociological Review*. vol. 5. no. 6, pp. 845-867.

Todaro M. P. (1969) A Model of Labour Migration and Rural Unemployment in Lessdeveloped Countries // *American Economic Review*. no. 59, pp. 138-148.

Wickramasinghe A.A., Wimalaratane W. (2016) International migration and migration theories. *Social Affairs*. Vol.1. no 5, pp. 13-32.

World Migration Report (2018) [Online] Available from: <https://www.iom.int>

Yudina T.N. (2006) Sotsiologiya migratsii: Uchebnoye posobiye dlya vuzov [Sociology of migration: textbook for universities]. M. Akademicheskii Proyekt. p. 272.

Zabirova A. (2003) Teorii i kontseptsii protsessov migratsii v zarubezhnoy sotsial'noy nauke [Theories and concepts of migration processes in foreign social science]. *Eurasian community*, no 2 (42), pp. 131-135.

Yesbergenova G.B.¹

Senior lecturer of the department of general and applied psychology,
al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, e-mail: gulnur_2288@mail.ru

BEHAVIOURAL DISORDER: INTERVENTION FRAMEWORK FOR SCHOOLS AND COMMUNITIES

Behavioural disorders (BD) among school children and adolescents arguably represent a class of inveterate antisocial and disruptive behaviours that have been recognized to interfere with effective interaction with the environment. While behavioural disorder is often regarded as a relatively common phenomenon in all societies and well documented, yet various research efforts and treatment practices have all pointed to the fact that behavioural disorders have proved to be difficult to treat successfully. For this purpose therefore, certain possible correlates can be clustered into personal, family, school, and peer dimensions. It needs to be emphasized that any successful intervention programmes will most probably need to address these multiple factors and their interactions, requiring a multidimensional, multi-focus, preventive approach that encompasses the child's nature and family background. Both psychologists and school administrations may need to abandon traditional placement or exclusion activities in favor of a more comprehensive strategy that is based on inter agency collaboration and parent involvement and interventions. In this volume I will try to highlight some frameworks of understanding and proven intervention programmes for schools and the community. The article will close with an overview and rationale of contingent management programmes.

Key words: behaviours, disorder, peers, schools, parents.

Есбергенова Г.Б.

әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының докторанты,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: gulnur_2288@mail.ru

Мінез-құлықтық бұзылулар: мектептер мен қоғамдастықтарға арналған араласу шеңбері

Оқушылар мен жасөспірімдер арасындағы мінез-құлықтық бұзылулар (МБ) қоршаған ортамен тиімді өзара іс-қимыл жасауға кедергі келтіретін жағымсыз әлеуметтік және жойғыш мінез-құлықтардың сыныбы болуы мүмкін. Мінез-құлықтық бұзылулар жиі барлық қоғамдарда салыстырмалы түрде таралған құбылыс ретінде қарастырылады және жақсы құжатталған болса да, әр түрлі зерттеу жұмыстары мен емдеу әдістері мінез-құлықтық бұзылулар табысты емдеу үшін қиын болғанын көрсетеді. Сондықтан осы мақсат үшін белгілі бір ықтимал корреляттар жеке, отбасылық, мектеп және құрдастары өлшемдеріне топтастырылуы мүмкін. Кез келген табысты араласу бағдарламалары, ең алдымен, осы көптеген факторларды және олардың өзара іс-қимылын ескеруі тиіс, бұл баланың табиғатын және оның отбасылық шығу тегін қамтитын көпмақсатты, алдын алу тәсілін талап етеді. Психологтарға да, мектеп әкімшіліктеріне де ведомстваралық ынтымақтастыққа, ата-аналардың қатысуы мен араласуларға негізделген неғұрлым жан-жақты стратегияның пайдасына бөлу немесе алып тастау жөніндегі дәстүрлі іс-шаралардан бас тартуға тура келуі мүмкін. Бұл мақалада мен мектеп пен қоғамдастық үшін кейбір түсіну шеңберін және тексерілген араласу бағдарламаларын түсіндіруге тырысамын. Мақала контингенттерді басқару бағдарламаларын шолумен және негіздеумен аяқталады.

Түйін сөздер: тәртіп, тәртіпсіздік, құрдастар, мектептер, ата-аналар.

Есбергенова Г.Б.

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, докторантка кафедры социологии и социальной работы, Казахстан, г. Алматы, e-mail: gulnur_2288@mail.ru

Поведенческие расстройства: рамки вмешательства для школ и сообществ

Поведенческие расстройства (ПР) среди школьников и подростков, вероятно, представляют собой класс закоренелых антисоциальных и разрушительных поведений, которые, как было признано, мешают эффективному взаимодействию с окружающей средой. Хотя поведенческие расстройства часто рассматриваются как относительно распространенное явление во всех обществах и хорошо документированы, все же различные исследовательские работы и методы лечения указывают на тот факт, что поведенческие расстройства оказались трудными для успешного лечения. Поэтому для этой цели определенные возможные корреляты могут быть сгруппированы в личные, семейные, школьные и сверстнические измерения. Необходимо подчеркнуть, что любые успешные программы вмешательства, скорее всего, должны будут учитывать эти многочисленные факторы и их взаимодействие, что требует многомерного, многоцелевого, превентивного подхода, который охватывает природу ребенка и его семейное происхождение. Как психологам, так и школьным администрациям, возможно, придется отказаться от традиционных мероприятий по разделению или исключению в пользу более всеобъемлющей стратегии, основанной на межведомственном сотрудничестве, участии родителей и вмешательствах. В этой статье автор пытается осветить некоторые рамки понимания и проверенные программы вмешательства для школ и сообщества. В завершении проводится обзор и обоснование программ управления контингентами.

Ключевые слова: поведение, беспорядок, сверстники, школы, родители.

Introduction

Наблюдается также неполное осознание жителями г. Алматы опасных действий со стороны экстремистов. В профилактических действиях следует четко проводить разграничение с деяниями экстремистов и нетрадиционалистов. Некоторая часть горожан не совсем четко отличает политический экстремизм от религиозного нетерпения.

Наблюдается также снижение тревожности по поводу возможности проявлений терактов.

Тем не менее, большинство опрошенных обеспокоены угрозой дестабилизации обстановки в городе из-за экстремалов.

Низкий уровень жизни, бытовые проблемы и отсутствие перспектив в дальнейшей жизни, по мнению опрошенных, конечно же, способствуют возникновению экстремизма и терроризма. С другой стороны, почти половина из них склоняется в сторону причине, объясняющей возникновение экстремизма внешними факторами.

Незначительная часть имела опыт столкновений с экстремизмом. Но чаще всего религиозный экстремизм и межнациональные конфликты переплетаются и их размежевание носит только теоретический характер. Кроме разъяснения пагубности псевдорелигиозных течений, ученым и практикам необходимо обратить внимание на опасность смешивания понятий.

Выявлена также основная причина проявления экстремизма и терроризма, что они связаны с материальной нуждой. Необустроенность быта определяет шаткое сознание населения, готовое подвергнуться экстремистскому воздействию. В общественном сознании образ опрошенных террористов носит негативный характер как человека малодушного, стремящегося через жертвы построить свое благополучие, которых обманули обещаниями. Выяснено и то, что преступное лицо радикализма никак не связано с религией. И несмотря на бдительную и безукоризненную службу правоохранительных органов, общественность мегаполиса совсем не отрицает возможность террористических актов на территории большого и малого города. Таких среди опрошенных оказалось в два раза больше, чем тех, которые не испытывают никаких тревог. В средствах массовой информации необходимо отражать работу правоохранительных органов по предупреждению и раскрытию экстремистских деяний.

Из опроса общественного мнения видно, что горожане мало заинтересованы в идеях, целях и намерениях деятельности экстремистов и террористов. В интернет-ресурсах некоторые молодые люди увлекаются романтическими призывами экстремистски настроенных храбрых героев о их переменах и великих подвигах. В видео-, аудио- и текстовых материалах умело используются технологии психологического программирования. Особенно пагубно воздействуют такие ре-

сурсы на несформировавшихся молодых людей и, особенно на психически неуравновешенных и больных. Поэтому в информационно-разъяснительной работе необходимо призывать горожан не обращаться к сомнительным источникам информации.

Выявлено также, что жители города мало заинтересованы в получении информации о работе государственных органов по пресечению экстремизма и терроризма, это не удивительно, так как по благоприятному стечению событий и не в последнюю очередь благодаря работе соответствующих органов, в последнее время не было случаев экстремистских проявлений.

Тем не менее возникает острая необходимость усиления работы правоохранительных органов и идеологического сектора местных исполнительных органов Управления Общественного развития с тем, чтобы предупредить экстремистские проявления во всех сферах общества, хотя в целом общественность поддерживает деятельность государственных органов по выявлению и пресечению экстремистской и террористической деятельности отдельных лиц.

Высокая доля колеблющихся с ответом о поддержке деятельности государственных органов и удовлетворении мерами властей, принимаемыми для устранения причин, влияющих на рост экстремизма и терроризма, говорит о слабой информированности населения по предупреждению терроризма. Однако большинство населения поддерживает запрет деятельности ряда религиозных объединений, исповедующих экстремистские взгляды, выражает готовность помогать государственным органам в борьбе с экстремизмом и терроризмом. Большинство населения считает действия властей по предотвращению угроз экстремизма и терроризма адекватными и достаточными.

Считаем, что в связи с рисками и угрозой со стороны религиозных экстремистов в высших и средних учебных заведениях, выпускающих по специальностям «История», «Философия», «Религиоведение», «Политология», «Культурология», «Социология», «Социальная работа», «Педагогика», «Журналистика», необходимо рекомендовать ввести в учебные планы и базовые учебные программы дисциплины, прививающие студентам навыки проведения информационно-разъяснительной и контрпропагандистской работы.

Литература

- Авцинова Г.И. Экстремизм политический // Политическая энциклопедия: В 2 томах. – М., 2014. – Т.2. – С.450.
- Амирокова Р.А. Политический экстремизм: к постановке проблемы // Социокультурные, политические, этнические и гендерные проблемы современного российского общества. Материалы 49-й научно-методической конференции «Университетская наука – региону». – Ставрополь: Изд-во СГУ, 2014. – С. 250.
- Бодалева А.А. Психология общения. Энциклопедический словарь. – М. Изд.-во «Когито-Центр», 2011 – С.120.
- Гарр Т.Р. Почему люди бунтуют. – СПб.: Питер, 2015. – С.464.
- Гришнова Е.Е. Гражданское общество и правовое государство: проблемы теории и практики. – М.: Моск. Унив. им. Н.Э. Баумана, 2000.
- Дибиров А.Н., Сафаралиев Г.К. Современный политический экстремизм: понятие, истоки, причины, идеология, организация, практика, профилактика и противодействие. – Махачкала, 2013. – С.220.
- Ковлер А.И. Исторические формы демократии. Проблемы политико-правовой теории. – М., 1990.
- Козлов А.А. Экстремизм социальный // Социологическая энциклопедия. – М.: Мысль, 2003. – С.863.
- Мотышов В.П. Плюрализм: возможно ли единство // В кн. Квинтэссенция. – М., 1990.
- Нурьев Ф.Ф. Изучение отношения современной молодежи к проблеме экстремизма // Молодой ученый. – 2016. – С. 750-754.
- Тощенко Ж.Т. Парадигмы, структура и уровни социологического знания // Социс. 2007. – № 9. – С.230.
- Ханбабаев К.М. Сущность экстремизма, религиозно-политического экстремизма, терроризма: Учебное пособие для студентов высших учебных заведений – Махачкала, 2011. – С.250.
- Хиршман К. Меняющееся обличье терроризма. // Международный терроризм и право: Реф.Сб.ИНИОН.РАН. Центр социал.научно-информ.исследований. Отдел просвещения. – М., 2002. – С. 56.
- Черниловский З. Гражданское общество //Опыт исследования. – 1992. – №6.
- Чиркин В.Е. Легализация и легитимизация государственной власти. // Советское государство и право. – 1995. – №8.

References

- Avtsinova G.I. (2014) Extremism politicheski [Political extremism]. Political encyclopedia. 2 c. M. T.2, p.450.
- Amirokova P.A. (2014) Politicheski extremism: k postanovke problemy[Sociokulturnye, politicheskie, etnicheskie i gendernye problemy sovremennogo rossiskogo obshestva [Political extremism: problem statement]. Socio-cultural, political, ethnic and gender problems of modern Russian society. Proceedings of 49-th scientific-methodical conference “University science – the region”. Stavropol: publishing house of SSU, p.250.
- Bodaleva A.A. (2011) Psihologia obshenia [Psychology of communication]. Encyclopedic dictionary. M. Ed.-in the Cohito Center – p.120.
- Garr T. R. (2015) Pochemu ludi buntuyut [Why men rebel].SPb.: Peter, p.464.
- Grishnova E. E. (2000) Grazhdanskoe obshestvo i pravovoe gosudarstvo: problem teori i praktiki [Civil society and the civic state: problems of theory and practice].Mosk. Univ. named after N. Eh. Bauman.
- Dibirov A. N., Safaraliev G. K. (2013) Sovremenni politicheski extremism: ponyatie,istoki, prichiny, ideologia, organizatciya, praktika, profilaktika i protivodeistvie [Modern political extremism: concept, origins, causes, ideology, organization, practice, prevention and counteraction]. Makhachkala, p.220.
- Kovler A. I. (1990) Istoricheskie formy demokrati. Problemy politico-pravovoi teorii [Historical forms of democracy. Problems of political and legal theory]. M.
- Kozlov A. A. (2003) Extremism socialnyi [Social extremism]. Sociological encyclopedia. M.: Thought, p.863.
- Motyashov V.P. (1990) Pluralism: vozmozhno li edinstvo [Pluralism: is unity possible]. In the book Quintessence. M.
- Nuryev F.F. (2016) Izuchenie otnoshenia sovremennoi molodezhi k problem extremisma [The study of the attitude of modern youth to the problem of extremism]. Young scientist. pp.750-754.
- Toschenko Zh.T. (2007) Paradigmy, struktura i urovni sociologicheskogo znaniya [Paradigms, structure and levels of sociological knowledge]. Socis, no 9, p.230.
- Khanbabaev K.M. (2011) Sushnost extremisma, religiozno-politicheskogo extremisma, terrorisma [The essence of extremism, religious and political extremism, terrorism]. Textbook for students of higher educational institutions. Makhachkala, p. 250.
- Hirshman, K. (2002) Menyausheesya oblichie terrorisma [The changing guise of terrorism]. International terrorism and law: Ref.Collection.RAN Center social.scientific-inform.researches. The Department of enlightenment. M, p. 56.
- Chernilevsky Z. (1992) Grazhdanskoe obshestvo. [Civil society]. Research experience, no. 6.
- Chirkin V. E. (1995) Legalizatciya i legitimizatciya gosudarstvennoi vlasti [Legalization and legitimization of state power]. Soviet state and law, no.8.

Дүйсенова С.М.¹, Омарова А.Т.², Сұлтанова А.М.³

¹әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының аға оқытушысы,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.,
e-mail: sofia.duisenova@kaznu.kz

²Ph.D, әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының аға оқытушысы,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.,
e-mail: omarova.ase@mail.ru

³әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының аға оқытушысы,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ., e-mail: sultanova8012@gmail.com

**ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ ЖАСТАРДЫҢ
МАМАНДЫҚ ТАҢДАУ СТРАТЕГИЯСЫ**

Студенттердің жалпы білім беру стратегиясын зерттеу барлық оқу жүйесінің тиімділігін арттыруға ықпал етеді. Мұндай зерттеулер студенттердің оқу процесін ұйымдастыруды жеңілдетеді, жас ұрпаққа еңбек нарығына тез бейімделуіне мүмкіндік береді. Бүгінгі күні отандық ғылымда осындай зерттеулердің жетіспеушілігі байқалады, ал бұл өз кезегінде Қазақстандағы жоғары білім беру жүйесіне әсер етеді. Қазақстандық студенттердің білім беру стратегиясы туралы ақпараттардың шектеулі болуы осы мәселе бойынша біртұтас зерттеулер жүргізуге қызығушылықты тудырады. Мақалада эмпирикалық зерттеулерге, білім беру саласындағы жастардың мүмкіндіктеріне талдау беріледі, Қазақстандағы жоғары оқу орындарындағы жүйелік мәселелер көрсетіледі. Мақала мақсаты болып қазақстандық жоғары оқу орындарында оқитын жастардың мотивін анықтау арқылы стратегияларды анықтау табылады. Мақаланың зерттеу сұрақтары болып келесілер алынады: Қазіргі жастардың білім беруді таңдау себептері қандай? Жоғары оқу орындарында оқитындардың білім беру стратегияларына қанағаттануындағы қазіргі білім жүйесінің рөлі қандай? Білім және ғылым саласындағы студенттердің жоспары қандай? Ақпараттарды жинау сандық және сапалық әдістер кешенін қолдану арқылы жүргізілді. Бірінші жағдайда анкеталық сауалнама (1200 анкета) қолданылды, оған Қазақстанның ұлттық және мемлекеттік университеттерінің студенттері, магистранттары және докторанттары қатысты. Тереңдетілген зерттеу мен фокус топтық зерттеу магистранттар мен докторанттар арасында өткізілді. Респонденттерді іріктеу келесідей түрде бөлінді: студенттер – 60%, магистранттар – 30%, докторанттар – 10%. Бұл пропорция аталған әлеуметтік топтың бас жиынтық сипаттамасын көрсетеді. Анкета ірі университеттерде (Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰЗТУ, Е.А. Бүкетов атындағы ҚарМУ), Қазақстанның ірі қалаларындағы үш университетте (Астана, Алматы, Қарағанды) өткізілді. Бұл қалалар мыңдаған жастарға білім алуға және олардың өмірлік мақсаттарына жетуіне мүмкіндік береді. Сандық зерттеулер нәтижесінің мәліметтері SPSS компьютерлік бағдарламасында өңделді және талданды. Мақаланың теориялық және тәжірибелік мәнділігі ғылым әлеуметтануы, білім әлеуметтануы саласының, білім беру және ғылыми бағдарламалардың, білім беру концепцияларының мәліметтерін байыту мен бұдан ары дамытуға әсер ететін тұжырымдалған қағидаларында болып табылады. Авторлар мақаланың зерттеу нәтижелерінде жастардың әрбір әлеуметтік тобының әртүрлі мотивтермен және нәтижелермен сипатталатын типтерін, сонымен бірге, білім беру стратегияларының әртүрлі деңгейіндегі факторлар кешенінің әсерін көрсетеді. Эмпирикалық мәліметтерді жинаудағы сандық және сапалық әдістерді кешенді қолдану қазіргі Қазақстан жастарының білім және ғылым стратегияларын анықтау үшін қажетті толыққанды ақпарат алуға көмектеседі.

Түйін сөздер: білімдік стратегия, студент жастар, жоғары білім, мотивация.

Duisenova S.M.¹, Omarova A.T.², Sultanova A.M.³

¹senior lecturer of the Department of Sociology and Social Work, al-Farabi Kazakh national university, Kazakhstan, Almaty, e-mail: sofia.duisenova@kaznu.kz

²Ph.D, senior lecturer of the Department of Sociology and Social Work, al-Farabi Kazakh national university, Kazakhstan, Almaty, e-mail: omarova.ase@mail.ru

³senior lecturer of the Department of Sociology and Social Work, al-Farabi Kazakh national university, Kazakhstan, Almaty, e-mail: sultanova8012@gmail.com

The strategy of a specialization choice of young people in higher education

The study of the general educational strategy of students improves the efficiency of the entire training system. Such studies facilitate the organization of the educational process for students, enable the younger generation to more quickly adapt to the labor market. Today, domestic science feels the inadequacy of such research, and this in turn affects the system of higher education in Kazakhstan. Limited information about the educational strategies of Kazakhstan students awakens interest in conducting a holistic study of this problem. The article provides an analysis of the empirical research, opportunities for young people in the field of education, shows the system problems of higher educational institutions in Kazakhstan, the formation of specific organizational solutions, as well as directions in solving these problems. The purpose of the article is to identify strategies by identifying the motives of students in Kazakhstani universities. The research question of the article was as follows: What are the reasons for the educational choice of modern youth? What is the role of the current education system in meeting the educational strategies of students in higher education? What are the students' plans in education and science? Data collection was carried out using a complex of quantitative and qualitative methods. In the first case, a questionnaire was used (1200 questionnaires), in which students, undergraduates and doctoral students from national and state universities of Kazakhstan participated. In-depth interviews and focus group research was conducted among undergraduates and doctoral students. In the general section of the sample, the respondents were distributed as follows: students - 60%, undergraduates - 30%, doctoral students - 10%. This proportion reflects the characteristics of the general population of this social group. The survey was conducted in large universities (LN Gumilyov ENU, Al-Farabi Kazakh National University, KNTU named after KI Satpayev, KarSU named after academician E. Buketov) in three major cities of Kazakhstan (Astana, Almaty, Karaganda). These cities provide thousands of young people with the opportunity to receive education and achieve their life goals. These quantitative research results were processed in the SPSS computer program and analyzed. The theoretical and practical importance of the article lies in the elaborated statements that contribute to the further development and enrichment of data in the field of the sociology of science, the sociology of education, educational and scientific programs, educational concepts. As a result of the study, the authors show types that are characterized by different motives and performance of each social group of young people, as well as the influence of a complex of factors of different levels of educational strategies. The integrated use of quantitative and qualitative methods in the collection of empirical information will help to obtain complete information for determining the educational and scientific strategies of the youth of modern Kazakhstan.

Key words: educational strategies, student youth, higher education, motivation.

Дүйсенова С.М.¹, Омарова А.Т.², Султанова А.М.³

¹старший преподаватель кафедры социологии и социальной работы, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: sofia.duisenova@kaznu.kz

²Ph.D, и.о. старшего преподавателя социологии и социальной работы, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: omarova.ase@mail.ru

³старший преподаватель кафедры социологии и социальной работы, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: sultanova8012@gmail.com

Стратегия выбора специализации молодёжи в высших учебных заведениях

Изучение общей образовательной стратегии студентов позволяет повысить эффективность всей системы обучения. Такие исследования облегчают организацию учебного процесса для студентов, дают возможность молодому поколению быстрее адаптироваться к рынку труда. На сегодняшний день в отечественной науке чувствуется недостаточность таких исследований, а это в свою очередь сказывается на системе высшего образования в Казахстане. Ограниченность информации об образовательных стратегиях казахстанских студентов будирует интерес к проведению целостного исследования этой проблемы. В статье дается анализ эмпирического исследования, возможностей молодежи в сфере образования, показываются системные проблемы высших учебных заведениях Казахстана, формирование конкретных организационных решений, а также направления в решении данных проблем. Целью статьи является выявление стратегий путем определения мотивов учащейся молодежи в казахстанских высших учебных заведениях.

Исследовательский вопрос статьи заключался в следующем: Каковы причины образовательного выбора современной молодежи? Какова роль нынешней системы образования в удовлетворении образовательных стратегий обучающихся в высших учебных заведениях? Каковы планы студентов в сфере образования и науки? Сбор данных был проведен с помощью использования комплекса количественных и качественных методов. В первом случае использовался анкетный опрос (1200 анкет), в котором участвовали студенты, магистранты и докторанты национальных и государственных университетов Казахстана. Глубинные интервью и фокус-групповое исследование проводилось среди магистрантов и докторантов. В общем разрезе выборки респонденты распределились следующим образом: студенты – 60%, магистранты – 30%, докторанты – 10%. Данная пропорция отражает характеристики генеральной совокупности данной социальной группы. Анкетирование было проведено в крупных университетах (ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, КазНУ имени аль-Фараби, КНИТУ имени К.И. Сатпаева, КарГУ им. академика Е.А. Букетова) в трех крупных городах Казахстана (Астана, Алматы, Караганда). Эти города дают многотысячной молодежи возможность для получения образования и достижения их жизненных целей. Данные результаты количественного исследования были обработаны в компьютерной программе SPSS и проанализированы. Теоритическая и практическая важность статьи заключается в выработанных положениях, способствующих дальнейшему развитию и обогащению данных в области социологии науки, социологии образования, образовательных и научных программ, образовательных концепций. Авторы в результате исследования статьи показывают типы, характеризующиеся разными мотивами и результативностью каждой социальной группы молодежи, а так же влияние комплекса факторов разного уровня образовательных стратегий. Комплексное использование количественных и качественных методов при сборе эмпирических сведений поможет получить полноценную информацию для определения образовательной и научной стратегий молодежи современного Казахстана.

Ключевые слова: образовательные стратегии, студенческая молодежь, высшее образование, мотивация.

Кіріспе

Жастардың білім стратегияларын зерттеу қазақстандық әлеуметтанудағы басым салалардың бірі болып табылады. Бұл мәселеге деген зерттеушілік қызығушылық Еуропалық Кеңестегі студент жастарының мінез-құлқындағы орын алып жатқан өзгерістерді түсіндіруге тырысып жатқан еуропалық ғалымдардың арасында да айтарлықтай жоғары (Bergsmann, 2015). Қазақстандық ғалымдардың зерттеушілік қызығушылығын мемлекеттің жас болуымен және де сапалы білімі бар, тілдерді меңгерген мамандардың өткір жетіспеушілігімен түсіндіруге болады. Білім беру саласындағы қиындықтарды зерттеу жоғары білімі бар мамандарды дайындаудың ұлттық жүйесіндегі аса күрделі сәттерді анықтауға мүмкіндік береді. Бұндай зерттеулер студенттер үшін оқу үрдісін практикалық тұрғыдан ұйымдастыруды жеңілдетеді, сонымен бірге келешекте дәл осы жастарға еңбек нарығында тезірек бейімделуге көмектесетін болады.

Мемлекет бұл жүйені реформалауға, қазіргі замандағы жастардың білімге қатысты уәждемелерін, басымдықтарын анықтауға бағытталған әлеуметтанулық зерттеулерді жүргізуге қаражат бөлуіне қарамастан, отандық ғылымда осындай зерттеулердің жетіспеушілігі сезіледі, ал бұл өз кезегінде Қазақстандағы жоғары білім жүйесі-

нің дамуын қиындатады. Білім алып жатқан жастардың білім стратегиялары туралы біртұтас ақпараттың шектеулілігі мен жоқ болуы осы мәселеге толыққанды зерттеу жүргізуге деген қызығушылықты тудырады. Бұл ретте қазіргі уақыттағы білім жүйелері заманауи тәуекелдерді құру сыбайластары болып табылатындығын түсінуіміз қажет (Huang, 2015). Рефлексивті тәуекелді білімді қалыптастыру білім берудің міндеті болуы тиіс.

Әдіснама және әдістер

«Білім беру стратегиясы» ұғымы заманауи әлеуметтік жарияланымдарда белсенді түрде қолданылып жатыр (Колесникова, 2006), бұл термин әр түрлі деңгейлердегі білім берудің мәселелерін талдау үшін қолданылады: мемлекеттік, аймақтық, ұйымдық, топтық, тұлғалық. Бұл ретте, «білім беру стратегиясы» термині, өзінің танымалдылығына қарамастан, бір мәнді түсіндірмеге ие болмады. Жарияланымдардың авторлары бұл категорияның нақты анықтамасынан жиі қашқақтайды, бұл өз кезегінде қолда бар тәсілдемелерді салыстыруда қиындық туғызады. Алайда авторлық тәсілдемелерді зерттеу барысында айта кететін бір нәрсе: «білім беру стратегиясы» ұғымының мазмұнын анықтаған кезде, ереже бойынша, стратегияның қалыптасуы когнитивті мен мінез-құлықтық екі

деңгейде жүретіндігін ескереді (Заборова, 2013). Басқаша айтқанда, стратегияны өз алдына мақсат қоятын және оны жүзеге асыру үшін қандай да бір құралдарды қолданатын, саналы түрде әрекет ететін субъект іске асырады.

Әлеуметтік топтардың және жеке индивидтердің мінез-құлықтарын зерттеуге қатысты зерттеушілердің қызығушылықтарын арттыру стратегиялық тәсілдеме тұрғысынан келесілермен шартталған – бір жағынан, әлеуметтік теорияның дамуымен: бұрын әскери-саяси саланы, ұйымдық басқару мен бизнес-үрдістер саласын зерттеу үшін ғана қолданылған «стратегия» категориясын қолдану саласының ұлғаюы орын алды (Карлоф, 1991). Қазіргі уақытта зерттеушілер мінез-құлық стратегиялары, тұлғалардың стратегиялары туралы және де «...адам өзінің стратегияларын жүзеге асыруға қабілетті, шынайы әрекет етушіге қандай жағдайларда айналатындығын анықтау» қажеттілігі жайлы әңгіме қозғап жатыр (Радаев, 2002).

Білім беру саласында стратегиялық мінез-құлықты жағдаятты фрагменттік мінез-құлық тәжірибелерінен ажырату үшін білім беру стратегиясы мінез-құлықтың байланыстырушы сызығы, білім алушы жасаған стратегиялық шешімнің, таңдаудың салдары болып табылатындығын ескеру қажет. Көптеген авторлар білім стратегиясының осындай айрықша ерекшелігін атап кеткен. Мысалы, И.И. Харченконың пікірінше, білім стратегиясы дегеніміз жас буынның кәсіби білім алу мен білім саласындағы белгілі бір мінез-құлық модельдерін жүзеге асыру әдістерін таңдау болып табылады (Харченко, 2007). М.Л. Максимованың ойынша, білім стратегиясы жоғары білімді алу түрлері мен әдістерін таңдаудың реттілігі болып табылады (Максимова, 2007). Қызметтердің сапасын, студенттердің қанағаттанушылығын зерттеу және де олардың мінез-құлықтық ниеттері жоғары білімнің бәсекелі нарығындағы жоғары білім стратегиясының әжептәуір маңызды аспектілері болып саналады, бұл студенттерді ғылымға, техникаға тартып және ұстап тұруға жағдай жасайды (Mestrovic, 2017).

Егер кәсіби білімдер әлеуметтік зерттеулердің дәстүрлі құралы болса, онда бұл, ең алдымен, батыс әлеуметтануының ықпалының нәтижесі болып табылады. 1920 жылдардан бастап батыс әлеуметтануының өкілдері кәсіби білімдердің әлеуметтік талдауына ерекше көңіл бөлді. Ақыры, бұл алынған зерттеудің нәтижесін әлеуметтік білімнің жеке саласы ретінде заңдастыруға мүмкіндік берді. Чикаго әлеуметтану мектебінің

ең үздік идеялары (Э. Хьюз және басқалары), адами ресурстарды басқару Арчер (Archer, 2013), Б. Бернштейн (Бернштейн, 1971), с. Бурдьё (Bourdieu, 1986a: 239), Е. Гидденс (Giddens, 1993), J. Coleman (Coleman, 1990), D. McClelland (McClelland, 1987: 541) және өзге де көптеген зерттеушілер де бұл мәселеге баға жетпес үлес қосты.

Одан арғы кәсіби өсу мүмкіндігі мен еңбек нарығындағы сұранысқа ие болу мүмкіндігі ретінде жоғары білімді игеруге айрықша көңіл бөлінеді. Мысалы, Дэвис Мур 1966 (Davis; Moore 1966), Дж. Коулман, Дж. Блау ссылки және т.б. секілді функционалистер білім және мансап стратегияларына қол жеткізу әдістеріндегі теңсіздік мәселесін қарастырған (П. Бурдьё, Б. Бернштейн және басқалары). Оларға келесілер жатады: ұйымдастыру сапасында, оқу мекемелері, кодтаушы мәдениет (және де бұл кодтар әлеуметтік категорияларға қатысты салыстырмалы түрде жаңа болып табылады).

Заманауи шетелдік зерттеушілердің арасында зерттеулерді білім саласындағы келесідей әр түрлі жолдарды зерттеу жолымен жүргізген ғалымдар да бар: әлеуметтік қалыптасудың болжамдары мен мәселелерін жасау (Lawrence, 2005: 61), өзге елдердің тәжірибесіне негізделі отырып, бизнестің білім алудың қалыптасуы формирование (Arthur; Peterson 2012: 37) мен өзгеруіне ықпалы (Lawrence, 2002: 101; Coffey, 2001: 71) (Joy, 2008: 55), ел саясатымен білім саласында жүргізіліп жатқан мәліметтердің салыстырмалы әлеуметтік-мәдени талдауы (Sutton, Levinson, 2001: 56) және білім әлеуметтануының халықаралық деңгейін зерттеу (Apple, Ball, Gandin, 2010: 47).

Білім әлеуметтік кеңістікті кеңейтеді, өмір сүру салты мен мәдени кеңістіктің арасында байланыстырушы сипатына ие, жеке мүдделерді халықтың мүддесімен біріктіретін еркін азаматтың рухын қамтамасыз ететін әлеуметтік субъект мәртебесін қалыптастырады (Abdikerova, Kylyshbaeva, Duisenova, 2014: 4490). Бұл шешім материалдандырылуы әбден мүмкін. Дегенмен, әкімшілік мемлекеттік басқармасының орталықсыздандырылуы үрдісі білімнің орталықсыздандырылуына әсер етуі мүмкін, бұл ретте азаматтық қоғам институттарының дамуы ішкі мектепті демократияландырады (Бекишев, 2013: 39).

Осыған орай, кәсіпқойлық, әлеуметтік мәртебе және байлық көзқарасынан жаңа реформаларды енгізуге деген өткір қажеттілік туындап отыр. Алайда білім кеңістігін нақты

әлеуметтік және географиялық контекстен ажырату белгілі бір дәрежеде қалып тұр. Әлеуметтік сипаттамалардың теңсіздігі, білімдегі теңсіздік, кеңістіктік сегрегация міндетті түрде тәуекел аймағының өрістеуімен, капиталдың қайта құрылысымен және мәдениеттердің күрделі диалогымен бірге жүреді (Sadyrova, 2016: 15).

Қазіргі уақыттағы кейбір қазақ әлеуметтанушылар да осы бағыттағы зерттеулермен айналысады. Олар білім жүйесі, білімнен тыс орын алатын топтардың әлеуметтік кемсітушілігі арқылы сабақтастық пен трансформацияға көңіл аударады: «Бар айып мектеп пен білім жүйесінде, ал барлық жауапкершілік лайықсыз және орынсыз болып табылады (Омирбаев, 2015: 63). Бұл жерде біз қоғамда болып жатқанды ғана көріп тұрмыз. Мектептерде сондай айқын болғанның барлығы үшін ешбір кінә жоқ. Білімдегі реформалар білім мәселесімен байланысты, бірақ олар бұл мәселелерді толықтай шешуге қабілетсіз немесе жағдайды қиындата түседі. Бұдан бөлек, жоғары білімді алу мүмкіндігі әлеуметтік теңсіздіктің көрсеткіші секілді: «Жоғары білімді алу қабілеттілігенде айқын өзгерістер бар (Абдираимова, 2011: 87).

Білім траекторияларын зерттеу орын алып жатқан өзгерістерді талдауға және қоғамның сұраныстарына жылдам жауап беруге жағдай жасайды. Біздің зерттеуіміздің нәтижелері, біздің ойымызша, жоғары білімді алу уәждемелерін анықтауға көмектесетін болады, Қазақстандағы жоғары оқу орындарының жүйелі мәселелерін барынша ашық көрсетеді, нақты бір ұйымдық шешімдерді қабылдау үшін негіз бола алады, жоғары білім беру жүйесін әлдеқайда ашық әрі тиімді жасауға әсер етуі мүмкін.

Талқылау

Жастардың жоғары оқу орындарындағы білім алуының маңызды факторларын талдай отырып, біз алынған мәліметтерді 4 факторға топтастырдық: кәсіпқойлық, қолайлылық, тәуелділік және нейтралитет. Кәсіпқойлық факторы білім үрдісінің когнитивті құраушысына негізделген: өзін-өзі дамытуға бағыттанушылық, мәдени капиталды кеңейту. Қолайлылық пен тәуелділік факторлары білім алушылардың сыртқы ортамен, респонденттердің конформдылығына және ата-аналардың, жақын адамдардың қандай ЖОО-да, қандай мамандық бойынша оқуға қатысты таңдауды қабылдау барысына әсеріне бағытталған мінез-құлық стратегиясы байланысымен сипатталады. Нейтралитет факторлары білім алушылардың стратегияларының когни-

тивті және мінез-құлықтық бола білуінен көрінеді.

«Кәсіби» факторларға мазмұнды уәждеменің негізіндегі когнитивті стратегияға бағытталған көрсеткіштер топтастырылды: жоғары білім дипломын алу – 79%; білімді азамат болу – 72%; білікті маман болу – 41%; жоғары білім менің қабілеттерімді жүзеге асыруға мүмкіндік береді – 38%; жоғары білімі бар адамдардың өмірі мен қоршаған ортасы қызықты және толыққанды болып табылады.

«Қолайлылық» факторларына біз келесідей жауаптарды жатқыздық: жоғары білімі бар адамдарда жоғары табыс алуға мүмкіндік көбірек – 51%; жоғары білім менің мансабыма көмектесетін болады – 47%; жоғары біліммен жақсы жұмысқа орналасуға болады – 45%; жоғары білімсіз қоғамның ең жоғары тобына кіру мүмкін емес – 19%; білімді адам білімі жоқ адамға қарағанда қоғамда көбірек құрметтелетін болады – 8%. Қоғам білімнің қажеттілігін көбірек түсіне бастауда, себебі ол «...студенттерге әлемнің ақпараттан хабардар және белсенді азаматтары болуына мүмкіндік береді» (Giroux, 2015). Бұның дәлеліне жоғары білімді алудың маңыздылығына қатысты берілген бағасын келтіруге болады. Алайда, жөнділкке, еңбек нарығында жұмысбастылықты қамтамасыз ете алатын дағдыларды дамытуға көзделген жоғары білім стратегиялары өздерінің артықшылықтары мен кемшіліктеріне де ие болатындығын есте сақтау қажет. Олар өз кезегінде өз-өзімен қанағаттану мен қоғамға деген ашықтық дәрежелерінде көрініс табуы мүмкін (Gibbs, 2015).

«Тәуелділік» факторларына респонденттердің келесі жауаптары жатқызылды: біздің жанұямызда барлығы жоғары білімге ие – 12%; менің ата-анам жоғары білім алуымды қалайды – 7%. Жоғары білімді алу туралы шешімді қабылдау барысында өзге адамдардың пікірлері студенттер үшін аса маңызды емес екендігін айта кету жөн. Олар жоғары білім қазіргі замандағы қажеттілік пен заманауи қоғамның шарты екендігін саналы түрде қабылдайды.

Соңғы фактор – бұл студенттік өмірден туындаған немесе жоғары білімді алу туралы шешім қабылдау сәтіндегі өзге жоспардың болмауынан туындаған фактор: студенттік өмірді көру – 43%; ЖОО-ға түсуден басқа жоспарым жоқ – 27%; жұмыс істегім келмейді – 3%; мен жоғары білімсіз жұмыс таба алмаймын – 4%.

Жоғары білімді алумен қатар, жоғары оқу орнын таңдау мотивтерін білу студенттердің білім стратегияларын анықтауға көмектеседі.

Анықталған факторларға сәйкес, біз мәліметтерге когнитивті және мінез-құлықтық стратегиялардың негізінде топтастырдық. Когнитивті стратегияға бағытталған «кәсіпқойлық» факторларына келесі жауаптар топтастырылды: ЖОО-ның беделі мен жоғары атағы; мамандық бойынша жақсы білім; білікті оқытушылар; жақсы техникалық және ресурстық база.

Мінез-құлықтық стратегияны сипаттайтын «қолайлылық» факторлар типіне жататын жауаптар: тегін білім алу/қолжетімді төлеу; бітіргеннен кейін жұмыс табу жеңіл; түсу кезінде бізде жеңілдіктер/шегерімдер болды; үйіме жақын орналасқан. Сонымен бірге, бұл стратегияның екінші факторы жастар позициясының тәуелділігін көрсетеді (мамандық таңдаудағы өзінің жақын ортасына тәуелді болуы): менің ата-анам осындай кеңес берді; еңбекақысы жоғары мамандық таңдау; басқа оқу мекемесіне түсе алмадым; университетте туысқандарым немесе таныстарым жұмыс жасайды. Соңғы «нейтралитет» факторында келесідей жауаптар: студенттердің жақсы контингенті; түсу қиын емес; ол жерде біздің туысқандарымыз, таныстарымыз білім алды; оқу қиын емес. Біз ЖОО-ға түсу кезінде шешім қабылдау ішкі белгісіздікпен және сыртқы ықпалға көңіл бөлумен байланысты екендігін болжай аламыз.

Жоғары білімді алу барысында студенттердің уәждемелерінің арасында диплом алу мен білімді азамат болу көш басында, ал өзге мотивтер болса әлдеқайда кем пайыздық көрсеткіштерге ие. Осы зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, жастар үшін ең маңыздысы мазмұны немесе біліктілік емес, болашақ мамандықты игеру емес, жоғары білімнің формальдылығы, яғни олар жоғарғы оқу орнының бітіргеннен кейін алатын символдық капитал болып табылатындығын көре аламыз. Қазіргі заман жастары үшін білімді болу – еңбек нарығының талабы.

Уәждеме құрылымының екінші деңгейінде білімнің әлеуметтік-кәсіби құрамдас бөлігі орналасты. Бұл деңгей жоғары табыс алу мүмкіндігі, білімнің кәсіби өсу мен мансапқа, беделді жұмысқа орналасуға ықпалы жайлы пікірлерді қамтиды.

Білім стратегиялы дәстүрлі модель бойынша, бірінші кезекте, индивидтің өмірлік жоспарларын жүзеге асыруға көмектесетін кәсіби стратегияларды іске асыруына қызмет ететін (еңбек нарығында индивид үшін қанағаттанарлық орынды табу). Заманауи модель болса өмірлік жоспарларға қол жеткізу барысындағы білім және кәсіби стратегияларды параллельдеуді

бағамдайды. Және егер де бірінші, «дәстүрлі», модельде кәсіби білімді табыстау функциясы басым болса, онда екінші модельде мәртебелік функция көбірек үстем бола бастауда (ең дегенде, алғашқы кәсіби білімді алудың формальды білім институттар шеңберінде). ЖОО-дан білім мәртебесін дәлелдейтін заңды жолмен алынған диплом қажет, ал білім мен біліктілікті қосымша білім жүйесі арқылы қажеттілік туындаған сәтте алуға болады. Білімнен еңбекке көшу білім мен жұмысты өзара байланысты алма-кезек немесе параллельді алу мен қайта бастаудың, бір жағынан – кәсіби білім мен біліктілікті жинаудың, басқа жағынан – олардың бар екендігі туралы сертификаттарды (ЖОО дипломы мен мамандандырылған курстарды өту туралы куәліктерден бастап, еңбек кітапшасындағы еңбек өтілі туралы тіркеулерге дейін) жинаудың ұзақ үрдісіне айналады. Бұндай көшудің маңызды бастапқы қағидасы болып білім және кәсіби траекториялардың үздіксіздік қағидасы табылады (Терентьев, 2014).

Респонденттердің студенттік өмірмен танысу арманын қолайлылық факторларына жатқызуға болады. Студенттер үшін өмір толыққанды, әр түрлі, қызықты оқиғаларға толы болуы, адамдармен танысу байланыстарын кеңейту маңызды болып табылады. Бұл студенттер үшін университет әлеуметтенудің тек процессуалдық қана емес, сондай-ақ мазмұнды каналы да болып табылатындығын дәлелдейді.

Уәждеме жүйесінің келесі сатысында танымдық-кәсіби позицияны көре аламыз: білікті маманның қалыптасуы және де оның қабілеттерінің, потенциалының жүзеге асуы. Алайда, зерттеу барысында білімнің әлеуметтік мобильділік факторлары респонденттер үшін ең маңызды еместігін байқауымыз қажет. Демек, әлеуметтік өсу мен әлеуметтік беделдің арасындағы байланыс студенттердің бойынан университет бітірумен бірге азая түседі. Яғни, бұл дегеніміз жоғары білімнің болуы индивидтің әлеуметтік беделі емес, қоғамдық нормаға айналатындығын білдіреді.

Уәждеменің соңғы деңгейі респонденттердің бейкам мінез-құлықтарын сипаттайды. Бұл ата-аналар тарапынан болатын балаларға деген тікелей немесе жанама қысыммен, сондай-ақ жұмыс жасау ынтасының жоқ болуына байланысты. Бұл жерден шығатыны – жоғары білімді алудың маңызды факторлары болып дипломның бар болуы, келешектегі жоғары табыс пен мансап қуу саналады, ал кәсіби-мазмұнды уәждеме екінші орында орналасады. Бұның барлығы қоғамда

білім жүйесі мен оның девальвациясына деген қарым-қатынас ең жақсы жолмен өзгермегендігін көрсетеді әрі дәлелдейді.

Білім стратегиясының қалыптасуы ЖОО-ға түсу туралы шешімді қабылдау сәтінен басталады, нақты ЖОО-ны таңдаумен анықталады. Сол себепті, студенттердің университетті таңдауына талдау жасау маңызды.

Біз студенттердің білім стратегияларына зерттеу жүргізу барысында студенттер мен олардың ата-аналары Қазақстандағы жоғары білім жүйесіндегі өзгерістерге қалайша бейімделетіндігін, сондай-ақ олар оқу мекемелерін, оқу бағдарламаларын қалай таңдай алатындығын көрдік.

Бұл зерттеудің нәтижелері бойынша студенттер үшін символдық капитал ең маңызды екендігін байқай аламыз. Өйткені, респонденттер үшін (44,7%) жоғары оқу орнының беделі ең маңызды әсер етуші фактор болып есептеледі. Студенттер үшін екінші орында тегін немесе қолжетімді білім түр (38,2%). Өкінішке орай, студенттер арасында бұл жағдай жиі орын алады.

Студенттер үшін үшінші орында ата-аналарының кеңесі маңызды (32,9%). Себебі, студенттер өздерінің ата-аналарынан тәуелді болып келеді, сондықтан да біз ата-аналар өз балаларының таңдауды жасауына ең үлкен ықпалға ие болатындығын байқадық.

Бүгінгі күні жастар үшін жоғары білім алу өте маңызды. ЖОО-ның аты болашақта жұмысқа орналасуға жағымды түрде әсер етуі мүмкін, олар оқып жатқан мамандық бойынша жоғары табысқа жеткізетін мүмкіндік беретіндігіне (24,1%), сондай-ақ ЖОО (олар білім алатын) жұмысты жеңіл табуға көмектесетіндігіне (11,9%) сенеді (өйткені, әрбір ЖОО-да жұмысбастылыққа көмектесетін бөлімше бар).

Бұдан бөлек, ЖОО-ны таңдау кезінде респонденттер үшін білім алушылардың контингенті (10,6%), оқу мекемесінің жақсы ресурстық пен техникалық базасымен жабдықталғандығы (9,4%), сонымен бірге ЖОО-ның қолжетімділігі (құжат тапсырып жатқан ЖОО) 9,8% маңызды болып табылады.

Студенттердің ғылыми-зерттеушілік жобалардағы төмен белсенділігі білім алуды келешекте жалғастыруларына әсер етеді. Студенттердің ғылыми-зерттеушілік жұмысқа деген қызығушылығының төмендігінің себептері: бизнес немесе коммерциялық мекемелермен салыстырғандағы ғылыми институттардың және ғылыми мекемелердің студенттерді тартпауы немесе төмен дәрежеде тартуы; білім саласындағы ғылыми

жұмыстар беделділігінің төмендігі; ЖОО-да ғылыми қоғамдастықтардың, клубтардың болмауы; студенттердің ғылыми қоғамдастықтардың қызметі туралы хабардар болмауы.

Студенттердің пікірінше, ғылыми жұмыстардың тең кішкентай бөлігі ғана олардың болашақ мансаптарына көмектесе алады.

Мен ғылыми қоғамдастықтар немесе клубтар жайлы алғаш рет естіп тұрмын. Ал менің ғылыми жұмысым туралы айтсақ, мен ғылыммен тек сабақ уақытында ғана айналысамын. Жалпы менде ғылыми қызығушылық бар. Егер де дұрыс ақпарат пен хабарландыру болса, мен клубтарға, ғылыми іс-шараларға қатысатын едім (3 курс студенті).

Мен ғылыми жұмыспен саналы түрде айналысамын. Магистратураға, одан кейін докторантураға түсуді жоспарлап отырмын. Оқытушылардың көмегімен әр түрлі студенттік ғылыми жобаларға қатысып, жүлделі орындарға ие боламын (4 курс студенті).

Мен бірінші курста университетке, біздің кафедраның мұғалімдеріне үйреніп келе жатырмын. Ғылым туралы ойлап та көрмедім. Мүмкін, келешекте бұған деген қызығушылық болатын шығар. Қазір болса қызығушылық та, уақыт та жоқ (1 курс студенті)

ЖОО студенттерінің арасында білім алу мотивтерін анықтау негізінде келесідей білім стратегиялары анықталды.

1-стратегия. Кәсіби өзін-өзі дамыту. Аталмыш стратегия білімде немесе өндірісте өзін-өзі таныту ұмтылысын көрсетеді. Бұл өз кезегінде кәсіби дағдыларды алу барысында дамуды, жақсы теориялық базаны және өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын талап етеді. Бұл стратегияның маңызды сипаттамасы – кәсіпқойлықтың ресми көрсеткіштері емес, тек мазмұндық құрамдастары. Бұл дегеніміз бірінші кезекте өзі үшін жұмыс істеуді білдіреді. Келешектегі жұмысқа орналасу кезінде бірінші орында кәсіби даму тұратын болады, ал табыс деңгейі мен кәсіби өсу перспективалары одан төменірек маңыздылыққа ие болады.

Бірінші стратегия бойынша білім алушылардың негізгі мақсаты мен жоспары келесі постулаттарға негізделген: кәсіби білімнің міндетті түрде болуы, жұмыс ол үшін қызықты әрі маңызды болуы тиіс (яғни ол өзін қолайлы сезінуі қажет), сонымен бірге үнемі өзін-өзі жетілдіру мүмкіндігі болу керек.

2 стратегия. Бағытталған даму. Стратегияның бұл типі кәсіби дамуға бағытталған адамдарды біріктіреді. Бұл стратегияның өкілде-

рі бірегей дағдылар мен білімнің минималды деңгейіне ие (шет тілін білу және мамандық бойынша еңбек өтілі). Бұған қоса, берілген топ өкілдерінің жоғары мәртебеге ие болу талпынысы. Өзірге олар тұрақты жұмысқа шығуға дайын емес, бірақ

қазіргі күннен бастап пайдалы таныстар мен байланыстарды табуға инвестициялар жұмсау үстінде. Қойылған мақсатқа жетудің негізгі әдісі – жақсы диплом және (немесе) білім алуды жалғастыру арқылы бағытталған даму.



1-сурет – Студенттердің кәсіби өзін-өзі дамыту стратегиясы




2-сурет – Студенттердің бағытталған даму стратегиясы

Екінші стратегияға сәйкес, білім алушылар үшін беделді және жақсы төленетін жұмысқа орналасу үшін жоғары деңгейдегі білімді алу маңызды. Дипломды алғаннан кейін олар беделді жұмысқа тұрады немесе жемісті мансап үшін магистратураға немесе докторантураға түседі.

3 стратегия. Жұмыс істеуді қаламау (мәңгі студент). Бұл стратегияны ұстанатын студенттер білім алуды жалғастыру қажетті нәрсе деп есептейді. Барлық басқа мақсаттар маңызды емес. Сонымен бірге, болашақ жұмысқа талпыну

деңгейі өте төмен болып табылады. Бұл адамдар еңбек нарығына шығуға дайын болмауымен немесе саналы түрде одан қашақтауларымен сипатталады. Біз бұл стратегия түрінің өкілдерін ақиқатты іздеушілермен салыстыра алмайтындығымызды атау жөн, өйткені олардың бойында даму мен тұлғалық өсуге деген ұмтылыс жоқ. Бұл адамдарды келешекте білім алуға деген ерекше қызығушылығы жоқ, алайда әлі де жұмыс жасауға дайын емес «мәңгі студенттер» ретінде анықтауға болады.



3-сурет – Студенттердің мәңгі студент стратегиясы

Жоғарыда келтірген ақпаратқа сәйкес, білім алушылар өздерінің еңбек нарығында толықтай көрмейтіндігін немесе жұмыс жасаудан қорқатындығын атауға болады. Оларда болашаққа деген жоспарлары жоқ. Бұл болашаққа деген жоспары болмау себебінен магистратураға немесе докторантураға түсетін, қосымша жұмыс жасайтын

студенттердің категориясы. Зерттеудің келесі міндеті білім алушылардың жоғары кәсіби білімін алуды жалғастыру стратегиясын анықтау болды. Бұл жерде білім деңгейлері бойынша оқуды жалғастырудың қолжетімді нұсқалары ретінде магистратура мен докторантура қарастырылды.

Алынған мәліметтерге сәйкес, бакалавриат студенттерінің ең маңызды стратегиясы – магистратураға түсу, бакалавриат студенттерінің 66.2% магистратураға түсуге деген ниеттерін білдірді. Ал докторантураға түскелі жатқан магистранттардың көрсеткіші 11.8% құрады. Магистратураға түсуді қаламайтын студенттер – 9,6%, ал 12,4% өздерінің алдағы білім стратегиясын анықтамағандығын айтты. Келешекке деген нақты жоспардың болмауы жоғары білім

жүйесіндегі стратегиялық шешімді қабылдауды бірнеше жылдарға шегінуді білдіреді.


Бакалаврлардың магистратураға түсу барысындағы зерттеудің ең маңызды сұрағы мотивпен байланысты. Зерттеудің нәтижелеріне сүйене отырып, магистратураға түсудің ең маңызды мотиві болып жоғары деңгейдегі білімді алу табылады. Студенттер бакалавриаттың білім деңгейі толық емес деп есептейді, осы жерден осындай жоғары көрсеткіш шығады.



4-сурет – Бакалавриат студенттерінің магистратураға түсу мотивтері

Біз өз алдымызға білім жүйесінің барлық деңгейлеріндегі білім мотивтерін анықтау мақсатын қойғандықтан, магистранттар мен док-

торанттарды докторантураға түсуге әсер еткен факторлар туралы сұрадық.



5-сурет – Магистратурадан кейін білім стратегиясын жалғастыру

Сұралған респонденттердің 49.8% магистранттары аяқтағаннан кейін жұмысқа орналасу-

ды жоспарлайды, ал жауап бергендердің 30.7% докторантураға түсуді жоспарлап отыр (5-су-

рет). Сонымен бірге, магистранттардың 19.7% өз мамандықтарын ауыстыру мақсатында магистратураға қайта түсуді жоспарлайды немесе шетелде оқуды жалғастыруды қалайды. Өкінішке орай, магистранттардың арасында келешекке деген жоспарын әлі де анықтамағандар да кездесті (1.8%).

Егер Мендес-Кадена зерттеуінде гендер әлеуметтік теңсіздікте көрініс тапқан жәбірлік немесе қатыгездік ретінде қабылданған көптеген тәжірибелер, формалар мен мінезқұлықты анықтаса (Mendez-Cadena, 2014), біздің зерттеуімізде гендерлік айырмашылықтар жағымды бояуға ие. Мысалы, сұралғандардың әйел заты ғылыми факторлардың әсерінен докторантураға түсу ниеттерін білдірді (әйелдердің 43.1% докторантураға түсуді, ғылыммен және оқытушылық қызметпен айналысуды қалайды, ал осындай ниеті бар ерлердің үлесі 37.8% құрады). Және де Қазақстанның білім кеңістігіндегі әйелдердің жәбірленуі жайлы сөз қозғауға да болмайды. Ерлер негізінен докторантурада оқуға бейім, ғылыми дәрежені игеру кәсіби мансапқа жету үшін қадам болып табылады (ерлердің – 33.7%, әйелдердің үлесі – 38.2%). Осы берілген мәліметтер бойынша қорытынды жасай отырып, докторантураға түсудің мотивтері гендерлік айырмашылықтарға ие екендігін айтуға болады. Әйелдер «ғылыми»

тұрғыдағы пайданы көбірек бағаласа, ерлер мансап қууды мақсат ретінде көреді және ғылыми істермен байланысты бедел, мойындау секілді артықшылықтарды көздейді.

Қорытынды

Осылайша, жастардың білім стратегияларын зерттеу жоғары білім жүйесін реформалауды әлдеқайда жұмсағырақ жалғастыруға, магистратура мен докторантураға түсетін талапкерлердің іріктеуін қатаңырақ жүргізуге жағдай жасайды. Жастардың білім стратегияларын түсіну жоғары білім потенциалының тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді. Органың білім стратегиясына әсерін екі бағытта зерттеуге болады. Біріншіден, білім алушылардың әлеуметтік позицияларын өзгерту немесе ұдайы өндіру мақсатында жоғарғы оқу орнының ұсынылатын мүмкіндіктерінің жүйеленуіне. Нақты білім мекемелеріне деген қолжетімділік отбасының ресурстарымен және де білім алушының білімге қатысты жоспарларын жүзеге асыруға арналған бастапқы мүмкіндіктерімен анықталады. Екіншіден, білім саласының мәселелерін талдау нақты білім мекемелеріндегі оқуды ұйымдастырумен байланысты. Оқу үрдісін ұйымдастыру білім алушылардың мүдделері мен талаптарына сәйкес келуі тиіс.

Әдебиеттер

- Abdikerova G.O., Kylyshbaeva B.N., Duisenova S.M. Quality education as a basis for professional mobility of youth in the Republic of Kazakhstan // *Procedia - Social and Behavioral Sciences*. - 2014. - №116. - P. 4487–4492.
- Margaret S. Archer *Social Origins of Educational Systems* (Classical Texts in Critical Realism (Routledge). New York, 2013. OXON ISBN: 978-0-415-63903-3.
- Bergsmann, Evelyn; Schultes, Marie-Therese; Winter, Petra *Evaluation of competence-based teaching in higher education: From theory to practice* // *Evaluation and Program Planning*. – 2015. Vol. 52. P.1-9
- Bernstein B. 'On the classification and framing of educational knowledge' in Young. M.F.D. (ed.), *knowledge and control*. London: Collier-Macmillan, 1971.
- Bourdieu P. *The Forms of Capital* // *Handbook of Theory and Research for the Sociology of education*, edited by J. Richardson. New York: Greenwood, 1986.
- Coleman, James S. *Equality and Achievement in Education*. Boulder, CO: Westview Press, 1990.
- Davis K., Moore W.E. *Some principles of stratification* // Bendix R., Lipset S.M. *Class, Status and Power*. New York, 1966.
- Esther Mendez-Cadena, Mara; Martinez-Corona, Beatriz; Perez-Nasser, Elia *Violence Generating Practices in a Postgraduated Academic Space* // *Revista ra Ximhai*. – 2014. Vol. 12. Edition: 1. C.33-47.
- Gibbs, Paul *Happiness and Education: Troubling students for their own contentment* // *TIME & SOCIETY*. - 2015. Vol. 24. №:1 P. 54-70
- Giddens A. *Sociology*. Cambridge: Polity press. - 1993.
- Giroux, Henry A. *Neoliberalism's war against Higher Education and the Role of Public Intellectuals* // *Limite-revista de Filosofia y Psicologia*. – 2015. Vol. 10. №:34. P. 5-16.
- Huang, Teng *Reflexive Risk-Education and Cosmopolitanism in the Risk Society* // *Globalizations*. – 2015. Vol. 12. №:5. P.744-757
- James Arthur; Andrew Peterson *The Routledge Companion to Education*. Routledge, 2012.
- John L. Rury *Lawrence Education and Social Change: Themes in the History of American Schooling*. Erlbaum Associates, 2002.

- Davis, Dannielle Joy Policy Research and the Sociology of Education: Contributions to Understanding the Experiences of Marginalized Populations. *Journal of Thought*, 2008. Vol. 43, No. 3-4.
- McClelland, David C. *Human Motivation* / David C McClelland // New York: Cambridge University Press, 1987 P. 663.
- Margaret Sutton; Bradley A.U. Levinson Policy as Practice: Toward a Comparative Sociocultural Analysis of Educational Policy. Ablex, 2001.
- Mestrovic, Dunja Service quality, Students' satisfaction and behavioural intentions in STEM and IC Higher Education Institutions // *Interdisciplinary Description of Complex Systems*. - 2017 Vol. 15. №:1. P.66-77
- Michael W. Apple; Stephen J. Ball; Luis Armando Gandin *The Routledge International Handbook of the Sociology of Education*. Routledge, 2010.
- Sadyrova M.S. The role of higher education in the formation of the professional capacity of young people // *International Journal of Social Relevance & Concern*. -2016. №9(4), P. 15-20
- Әбдірайымова Г.С. Қазақстандағы жоғары білім: әлеуметтік тәжірибелер, субъектілер мен мүдделер (әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері бойынша). – Алматы: «Жібек жолы», 2011. – 139 б.
- Бекишев К. ҚР білім жүйесіндегі инновациялар. // *Танымдық-ғылыми білім алу: шақырулар мен мүмкіндіктер*. – М.: Мәскеу университетінің басылымы, 2013. 36-53 б.
